Бұл методика тасымалдау сапасын бағалауда оған әсер етуші түрлі факторларды ескеруге мүмкіндік береді. Мысалы, автордың пікірінше маңызды деп есептелген бес факторды алар болсақ, олар төмендегілер: «автобустың толғандығы»; «жолаушының көлікпен жүргендегі жұмсаған уақыт шығыны»; «маршруттағы автобустың түрі», «автобус қозғалысының реттелгендігі», «автобекетте жолаушыларға қызмет көрсету сапасы». Дегенмен, бұл әдістің өзіне тән кемшілігі өте үлкен статистикалық деректермен жұмыс істеуді қажет етуі болып табылады, өйткені жеке көрсеткіштердің салыстырма статистикалық салмағын анкеталық зерттеулер нәтижесінде анықталған кестелер жәрдеміне анықтауға тура келеді.

Мун Э.Е. [9] маршруттық таксидің жұмысын зерттей отырып, оның жұмысының сапасын төмендегі көрсеткіштер бойынша бағалаған:

- автомобильдердің линияға шығу коэффициенті;
- толықтық коэффициенті;
- нарядтағы уақытты пайдалану коэффициенті;
- қатынас жылдамдығы;
- қозғалыс қарқындылығы;
- автомобильдердің қозғалыс интервалы;
- реттелгендік коэффициенті;
- қызмет көрсетудің тиімділік көрсеткіші;
- жұмсалған шығындардың тиімділік коэффициенті;
- маршруттық таксидің жұмыс сапасының қорытынды көрсеткіші.

Шабанов А.В. [10] өзінің еңбегінде тасымалдау сапасын бағалаудың төмендегі параметрлерін ұсынады:

- сенімділік – жолаушыларды шығу пунктінен бару пунктіне дейін кесте бойынша тасымалдау (көлікте жүріс уақыты);

- комфорттығы – көліктегі жүрістің қолайлылығы, айналаның көрінгіштігі және т.б. тұрғысынан алғанда көліктік қызмет орындалатын орта;

- қауіпсіздік – қоғамдық көлікте отырған жолаушының қауіптен, қатерден және тәуекелден азат болуы;

- сыпайылық – көліктік қызмет көрсетушінің мінез-құлқы, сыпайылығы, мейірімділігі және қызмет көрсетуші персоналдың жолаушыға жылы жүзбен қарап, жеткілікті көңіл бөлуі;

- қол жетімділік – қоғамдық көліктің қозғалысының жиілігі;

- өзара түсіністік – көліктік қызмет көрсетуші тарапынан жолаушының мүдделеріне назар аударылуы, көлік жұмысын жасақтағанда олардың талаптарын білуі және ескеруі;

- коммуникабельділік – қоғамдық көлік жүйесінің тілдесуге, сөйлесуге, хабарласуға, яғни пікір алмасуға қол жетімді болу қабілеті.

Автор сапаның параметрлерін өлшеуді және бағалауды ұсынады, сонымен қатар сапаның жоспарланған және нақты параметрлерінің арасындағы айырмашылықты мейлінше минимумға түсіруге ұмтылу қажеттігін айтады. Бұл үшін түрлі әдістерден пайдалану мүмкін (статистикалық метод, эксперттік бағалау әдісі және т.б.). Ұсынылып отырған әдістің күрделілігі сол, сапалық параметрлердің көпшілігін сандық тұрғыдан өлшеу мүмкіндігі, яғни, объективті бағалау мүмкіндігі бола бермейді.

Кургановтың В.М. [11] еңбегінің нәтижесіне сүйенсек, көліктік қызмет көрсетудің тиімділігін автобус қозғалысының интервалының бірқалыптылығымен бағалау қажет. Бірақ, бұлай жасаған жағдайда тасымалдауға қатысушы тараптардың бірде бірі тек қозғалыс интервалының бірқалыптылығын сақтауға қана мүдделі емес екендігі ескерусіз қалады.

Жолаушы тасымалын бағалағанда төмендегілер ескеріледі:

- жолаушылардың қозғалыс уақыты шектелген жағдайда тасымалдауға жұмсалған шығын;

- жұмсалған шығындар шектелген жағдайда жылжуға жұмсалған уақытты мейлінше кемейту;

- психофизиологиялық критерийлер.

Тасымалдау процесін толығырақ көз алдымызға елестету үшін процесті жақсартуға ықпал етуші басқа да факторларды білген дұрысырақ болады. Атап айтар болсақ, тұрғындардың көлікпен жылжығыштығы, күту мүмкін болған жолаушы айналымы, тасымалдау процесінің үздіксіздігі, жолаушы ағынының түрлі маршруттар арасында бөлістірілгендігі, жолаушының ол немесе бұл әлеуметтік топқа жататындығы, көлікпен жүруге жұмсалатын уақыты, жол жүру ақысының мөлшері және т.б.

Тұрғындардың көлікпен жылжығыштығын білу және жолаушы айналымын дұрыс болжамдай алу көлік түрлерінің арасындағы тасымалдауды тиімді бөлістіруге, жылжымалы құрамға деген қажеттілікті дұрыс анықтауға, сондай-ақ, халыққа көліктік қызмет көрсетуді жақсартуға және т.б. мүмкіндік береді.

Кокорев М.В. және Лукашевич В.В. айтуларына қарағанда, күтілетін жолаушы айналымын болжамдау оның мөлшерінің тұрғындар санының өзгеруіне және жан басына шаққандағы тұтыну қорын пайдалануға тәуелділік заңдылығын анықтауға негізделген [4].

Бұл үшін төмендегі көріністегі регрессия теңдеуін ұсынады:

$$x_1 = a + b_2 x_2 + b_3 x_3, \quad (3)$$

мұндағы  $x_1$  – тәуелді айнымалы (жолаушы айналымы);  $x_2, x_3$  – тәуелсіз айнымалылар (тұрғындар саны, тұтыну қоры, жан басына шаққандағы кіріс);  $a, b_2, b_3$  – регрессияның параметрлері (есептеу жолымен анықталады).

Авторлар осы мәселені зерделеу нәтижесінде, өздерінің монографиясында [12] (3) теңдеуін талдай отырып, төмендегі факторларға байланысты тұрғындардың көліктік жылжығыштығының моделін алуға қол жеткізген:

- бір жұмысшының орташа айлық жалақысының өзгеруі;

- маршрут торабының ұзындығының өзгеруі;

- жұмыс атқарушылардың саны және тұрғындардың кірісі;

- қоғамдық маршруттық көліктің тасымалдау мүмкіндігі, халық саны және жол ақысы үшін төлем мөлшері.

Регрессия теңдеуін біле отырып, көліктік тасымалдау процесінің ол немесе бұл көрсеткіштерін болжамдауға болады.



## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Вельможин, А.В. Теория организации и управления автомобильными перевозками [Текст]: логистический аспект формирования перевозочных процессов: монография / А.В. Вельможин, В.А. Гудков, Л.Б. Миротин. – Волгоград, РПК Политехник, 2001.
2. Вельможин, А.В. Теория транспортных процессов и систем [Текст] / А.В. Вельможин, В.А. Гудков, Л.Б. Миротин. – М.: Транспорт, 1998.
3. Гудков, В.А. Технология, организация и управление пассажирскими автомобильными перевозками [Текст]: учеб. для вузов / В.А. Гудков, Л.Б. Миротин; под ред. Л.Б. Миротина. – М.: Транспорт, 1997.
4. Гудков, В.А. Логистика [Текст]: учебное пособие для студентов вузов транспортных специальностей / В.А. Гудков, Л.Б. Миротин, С.А. Ширяев. – Волгоград, РПК Политехник, 2002.
5. Кравченко, Е.А. Основы управления качеством транспортного обслуживания населения [Текст]: учеб. пособие/ Е.А. Кравченко. – Краснодар: Кубан. гос. технол. ун-т, 1997.
6. Кравченко, Е.А. Повышение качества обслуживания населения и разработка систем управления автобусными перевозками по видам сообщений на основе комплексного критерия качества в условиях рыночных отношений [Текст]: автореф. дисс... д.т.н.: 05.22.10/ Е.А. Кравченко. – Волгоград, 1998.
7. СНиП 2.07.01-89. Планировка и застройка городов, посёлков и сельских населённых пунктов. – М.: Стройиздат, 1989.
8. СНиП РК 3.01-02-2001. Строительные нормы и правила планировка и застройка районов индивидуального жилищного строительства, 2002.
9. Мун, Э.Е. Организация перевозок пассажиров маршрутными такси [Текст] / Э.Е. Мун, А.Д. Рубец. – М.: Транспорт, 1986.
10. Шабанов, А.В. Методологические основы и модели формирования и управления региональных логистических систем общественного транспорта [Текст]: дисс. ... доктора экон. Наук / А.В. Шабанов. – Ростов-на-Дону, 2002.
11. Курганов, В.М. Логистика и городские пассажирские перевозки [Текст] / В.М. Курганов // Бизнес и логистика. – 2002. – С. 96-98.
12. Вельможин, А.В. Эффективность городского пассажирского общественного транспорта [Текст]: монография / А.В. Вельможин, В.А. Гудков, А.В. Куликов, А.А. Сериков. – Волгоград, 2002.

Материал редакцияға 19.06.14 түсті.

**B.U. Zhamanbaev, A.T. Imandossov, E.A. Almakhanova**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz*

## EVALUATION OF THE QUALITY OF PASSENGER TRANSPORTATION

The analysis of the current state of the transport process, analyze different approaches, criteria and indicators of the quality of transport services organizations in the provision of transportation services.

**Key words:** urban passenger transport, passenger, motorization, the quality of service of passengers, transportation of passengers by motor transport, passenger transport, bus passenger transportation, transport services.

ӘОК 656.13.072

**Б.У. Жаманбаев<sup>1</sup>, А.Т. Имандосов<sup>2</sup>, Э.А. Алмаханова<sup>3</sup>,  
М.А. Кожамбердиева<sup>4</sup>***<sup>1,3</sup>Магистр, аға оқытушы, <sup>2</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>4</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы***ҚАЛА МАРШРУТТАРЫНДА ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУ  
САПАСЫН БАҒАЛАУ**

Жолаушылар тасымалдауда қызмет көрсетудің сапасына жолаушылардың қанағаттану анықтамасы ұсынылды, социология әдістерінің бірі, яғни Тараз қаласы тұрғындарынан анкета алу жүргізілді. Талдау кезінде көрсетілетін қызметтердің сапасы жайлы ақпараттың жоқ екені ескерілді, бұл сапа деген түсініктің алуан қырлылығымен және тұтынушылар бағасының қиындығымен байланысты. Талдау нәтижесінде сапаның едәуір маңызды компоненттері анықталды және олар сандық тұрғыда бағаланды.

**Түйін сөздер:** қалалық жолаушылар көлігі, жолаушылар ағыны, автомобилизация, жолаушылар тасымалында қызмет көрсету сапасы, жолаушыларды автокөлікпен тасымалдау, жолаушылар тасымалы, автобуспен жолаушылар тасымалдау, социология әдістері.

Жолаушы тасымалдаудың сапасы бүкіл жолаушыларға қызмет көрсету жүйесінің күйі мен жұмыс атқаруына байланысты. Тараз қаласындағы жолаушылардың басым көпшілігі, Қазақстанның басқа да қаларындағы сияқты, қоғамдық автомобиль көлігін пайдаланады. Бұл жерде тұрғындарының жылжуға деген сұранысын қанағаттандыруда қалалық қоғамдық тасымалдау көлігінің маңызы зор. Тараз қаласында жекеменшік автокөліктердің санының 2003 жылы 43,4 мыңнан 2011 жылы 159 мыңға қарқынды артуы және тұрғындардың көпшілік бөлігінің қоғамдық көлікті пайдалануы жағдайында, жолаушыларың тасымалдауға деген сұранысын сапалы деңгейде қанағаттандыру мәселесі көліктік шеңберден шығып, әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе тұрғындардың көліктік қызметтің сапасына деген көзқарасын анықтап қана қоймастан, сонымен қатар бүкіл қоғамдағы халықтың жалпы көңіл-күйін де анықтайды. Қалалық маршруттарда жолаушыларға қызмет көрсетудегі басты мәселе қалалық көлік жүйесінің күйі болып табылады.

Қызмет көрсету саласындағы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешу, әрқашан нақты қызметтің немесе товардың сапасын қабылдаумен байланысты болып келген. Сондықтан, әлеуметтік әдістер жәрдемінде жүргізілген жолаушыларға қызмет көрсету сапасының сипаттамасын білудің маңызы өте зор, ол тұтынушылардың субъективтік бағасын өлшеуге, олардың бұл мәселеге деген пікірлері мен көзқарасын білуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік әдістермен зерттеу жүргізе білу көлік саласындағы мамандар үшін аса маңызды, өйткені ол көлемі бойынша өте кең, маңыздылығы бойынша өте актуальды болған ақпараттарды жинақтауға мүмкіндік береді, мұның өзі өз кезегінде мәселеге тек техникалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрғыдан да қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл салада мамандарды оқытып, дайындау актуальды мәселе болып табылады, сондықтан

автомобиль көлігімен жолаушы тасымалдаудың сапасын ұйымдастыру мәселесімен байланысты пәндерді өткенде бұған ерекше назар аудару қажет.

Қазақстанның өзінің даму жолында нарықтық қатынастар бағытын таңдауы және осыдан туындайтын реформалар қалалық көлік жүйесін және көліктік қызметке деген сұраныс сипатын айтарлықтай өзгертті. Көліктің жаңа экономикалық ситуацияға бейімделуі жүзеге асты, бірақ қалалық жолаушы көлігінің күйін тиімді және жеткілікті дамыған деп айтуға келмейді. Сондықтан Тараз қаласындағы қоғамдық көлік маршруттарында жолаушы тасымалдау бойынша көрсетіліп жатқан қызметке тұрғындардың қанағаттанғандық сапасына және оны бағалау көрсеткіштеріне әлі де жеткілікті деңгейде зерттеулер жүргізілмей келеді.

Жалпы түрде әлеуметтік зерттеуді методологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық процедуралардың бір мақсатқа – қалаларда жолаушы тасымалдау процесі туралы ең анық ақпарат алуға бағытталған логикалық тізбектелген жүйесі ретінде қарастыру мүмкін. Бұл еңбекте Тараз қаласының, қалалық маршруттарда автомомбиль көлігімен жолаушы тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін оның көлік жүйесінің мысалында әлеуметтік зерттеулер нәтижелері көлтірілген.

Тараз – дамыған инфрастрктурасы бар, өнеркәсіп орындары өркендеген қала. Оның жер ауданы 5442 (15000) гектарға немесе 54,42 (150) км<sup>2</sup>-ге жуық.

Тараз қазақстанның оңтүстік бөлігінде, Талас өзенінің бойындағы жазықта орналасқан. Қаланың оңтүстігінде Батыс Тянь-Шань тауының сілемдері, ал батысында Қаратау таулары орналасқан.

Қаланың негізгі бөлігі өзеннің жайылмасының жоғарғы бөлігінде, теңіз деңгейінен 70÷75 метр биіктікте жазық аймақта орналасқан. Отырғызылған жасыл ағаштардың жалпы ауданы шамамен 104 га, құрылыс ауданы – 1371 га., соның ішінде 424 га тұрғын құрылыстар, 455 га қоғамдық құрылыстар, 448 га өнеркәсіптік құрылыстар. Қалада 8 аурухана, 9 кітапхана, 3 санатория-профилактория, 13 (53 немесе 54) мектеп, 3 арнайы мектеп, 2 мәдениет паркі бар. Қала территориясында 1032 кәсіпорын жұмыс атқарады. Бүгінгі таңда Тараз қаласында 381 мың адам жасайды, тұрғындардың орташа жасы 37 жас.

Облыс халқының 31,0%-ы Тараз қаласында шоғырланған. Қала халқының жалпы санының 27,8%-ын жастар мен жасөспірімдер, 64,5%-ын еңбекке жарамды жастағылар және 7,7%-ын еңбекке жарамды жастан жоғары жастағылар құрайды.

Қала жастардың көптігімен ерекшеленеді, соның ішінде жоғарғы оқу орындарында - 29,4 мың білімгер, колледждерде және кәсіби-техникалық лицейлерде - 28,3 мың оқушы, жалпы білім беретін мектептерде - 53,8 мың оқушы білім алады.

Сонымен қатар, қалада ұзақ өмір сүрушілердің де қатары баршылық. 80-89 жас аралығындағылардың саны 3416 адам, 90 жас және одан жоғары жастағылар 308 адам, оның ішінде жасы 100-ден аскандардың саны 13 адамды құрады.

Тараз қаласында гендерлік аспекті бойынша ерлер мен әйелдердің ара-қатынасы келесі көрсеткішті көрсетеді. Ерлер 45,5%-ды, әйелдер-53,5%-ды құрайды. Қалада әйелдердің саны ерлерге қарағанда 22,9 мың адамға көп. Есеп бойынша 1000 әйелге 869 ерлерден келеді.

2011 жылдың басынан бері Таразда 6485 туылған нәресте тіркелді, бұл өткен 2010 жылмен салыстырғанда 300 нәрестеге немесе 4,8%-ға артық.

Туылудың жалпы коэффициенті әрбір 1000 адам халыққа шаққанда 26,80 промилледен, ал 2010 жылы осы көрсеткіш 26,28 болған.

Көші-қон қала халқының құрылымына елеулі әсер етеді. Көші-қон, халықтың тұрғылықты орын ауыстыруы демографиялық ахуалға ықпал етеді. 9 айдың көлемінде қалаға 483 адам келіп, 5688 адам көшіп кетті, теріс айырма – 5205 адамды құрады.

Жолаушы тасымалдауға арналған автомобиль көлігінің қызметіне төмендегідей жалпы талаптар қойылады:

- қызмет көрсету процесін басқару;
- қызмет көрсету процесі;
- қызмет көрсету нәтижесі;

Сондықтан кешенді болып табылатын қызмет көрсету сапасын осы қызметті көрсету нәтижесі бойынша бағалау мүмкін. Ал осы қызметтің тұтынушылары қаланың тұрғындары, яғни, жолаушылар болғандықтан, олардың қанағаттанғандығы, белгілі бір ықтималдықпен алғанда, сапаның деңгейін анықтайды деп айтуға болады.

Көлік қызметінің сапасынан жолаушылардың қанағаттанғандығын анықтау белгілі қиындықтар туғызады. Мысалы, көбінесе тұтынушы қызмет сапасын қалай түсінетінін анық тұжырымдай алмайды, сапаны ең жалпы түрде эмоция және жалпы қабылдау деңгейінде ғана түсінеді, сонымен қатар бұл түсінікті оның құраушылары түрінде көз алдына келтірудің күрделілігі де түсіуді қиындатады. Көрсетілуші қызметтің сапасын тұтынушы тарапынан бағалағанда тауардың сапасын бағалағанға қарағанда субъективизм деңгейі жоғарылау болып келеді. Қалалық көлік жүйесінің жұмысы, яғни қызмет көрсету қаншалықты жоғары деңгейде анық және тұрақты болмасын, сол бір қызмет көрсетудің өзін түрлі жолаушы түрліше қабылдауы және түрліше бағалауы мүмкін. Бұл дегеніміз, әрбір жолаушының сапа туралы өз түсінігі бар екендігін көрсетеді, ал сол түсінікпен кездесу кездейсоқ құбылыс болып табылады.

Қызмет көрсету (көлікпен тасымалдаудың) сапасынан жолаушылардың қанағаттанғандығын анықтау үшін әлеуметтік әдістер қолданылды, атап айтқанда, Тараз қаласының тұрғындарына анкеталық сұрақтама жасалды. Зерттеулерде «сапа» түсінігінің көп өлшемді екендігіне және тұтынушы үшін оны бағалаудың күрделі екендігіне байланысты көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі туралы ақпараттың жоқтығы ескерілді.

Сонымен, зерттеудің мақсаты сапаның ең маңызды компонентін анықтау және оларды сандық тұрғыдан бағалау болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде жасы 14-тен асқан, қоғамдық көлікті пайдаланатын Тараз қаласының тұрғындары алынды.

Зерттеу предметі ретінде жолаушылардың Тараз қаласының көліктік қызмет көрсету сапасынан қанағаттанғандық деңгейі алынды. Екі болжам (гипотеза) алға қойылды:

- қызмет сапасы тұтынушының талабын қанағаттандырады;
- қызмет сапасы тұтынушының талабын қанағаттандырмайды.

Зерттеулер нәтижесінде екі болжамның бірі расталады, ал екіншісі – жоққа шығарылады деп болжамдалды.

Әлеуметтік зерттеулерде, көбінесе, түгелдей емес түзетулердегі таңдау әдісінен пайдаланады. Оның негізгі идеясы мынау: жүзеге асыру үшін мәнді болған зерттеу мақсаты, бас жиынтыққа тиісті қорытындылар шығарғанда, таңдау жиынтығының қасиеті негізінде алынады (іріктеу). Таңдау әдісінің мәселесі – элементтерді таңдау мүмкіндігінің сондай әдісін табу керек,

нәтижеде сол элементтердің топтамадағы бөлістірілуі олардың бүкіл топтағы бөлістірілуін қайталайтындай болуы қажет. Алынатын ақпараттың дәлдігіне, нақтылығына және сенімділігіне негізінен әсер етуші факторлар топтаманың көлемі және одан деректі бөліп алу процедурасының ойластырылғандығы болып табылады.

Топтаманың көлемін есептеу үшін төмендегі формула пайдаланылады:

$$n = Z^2 N p q / (\Delta^2 N + Z^2 p q) \quad (1)$$

мұндағы:  $n$  – топтаманың көлемі;  $Z$  – сенімділік коэффициенті, оны қалыпты бөлістірілудің (нормального распределения) кризистік нүктелерінің кестесінен анықталады 2,5%-тік мәнділік деңгейі үшін  $Z = 1,96$ ;  $N$  – генеральдық бүкіл топ (жасы 14-тен асқан қала тұрғыны);  $p$  және  $q$  – таңдаулық үлесі (екі құбылыстың жүзеге асу мүмкіндігі тең ықтималды болса,  $p = q = 0,5$ );  $\Delta$  – репрезентативтіктің (нақтылықтың) шекті қателігі,  $\Delta = 0,05$ .

$$N = 1,96^2 \cdot 290\,000 \cdot 0,5 \cdot 0,5 / (0,05^2 \cdot 290\,000 + 1,96^2 \cdot 0,5 \cdot 0,5) = 210$$


Топтаманы таңдау түрі «ұяшықты» әдіспен жүзеге асырылады (бірлік ретінде талдау жүргізгенде жекелеген адамдар емес, керісінше адамдар тобын (ЖОО және колледж студенттерін, кәсіпорын жұмысшыларын, ауруханада амбулаториялық емдеу қабылдап жатқан адамдарды, структураның жұмысшыларды және т.б. таңдайды).

Анкеталық сұрақтау (жазбаша сұрақтама), сайып келгенде, анкеталарды таратушылар (яғни, топ өкілдері) жәрдемінде өз бетінше толтыру болып табылады.


Анкеталық зерттеу жүргізу үшін сұрақтанушының (респонденттің) әлеуметтік статусына да, қалалық маршрутта көліктік қызмет көрсету сапасын бағалауға да тиісті болған жиырма бес сұрақты қамтитын анкета жасалды.

Сұрақтамада қатысқандардың (респонденттердің) барлығының саны – 207 адам болса, соның ішіндегі әйелдер – 115 (55,5%); ал ерлер – 92 (44,5%) болды.

Респонденттердің жасы және білімі бойынша бөлістірілуі, сәйкесінше, 1 және 2 суреттерде көрсетілген.




Сурет 1. Респонденттердің жасы бойынша бөлістірілуі



Сурет 2. Респонденттердің білім алу деңгейі


Одан әрі қарай респонденттердің сапалы қызмет көрсетуді қалай түсінетіні туралы талдаулар жүргізілді. «Сіз жолаушыларды қоғамдық тасымалдау көлігімен тасымалдауда оларға сапалы қызмет көрсету дегенде нені түсінесіз?» – деген сұраққа респонденттер 27 түрлі жауап варианттарын берді. Олардың берген жауаптарын төмендегі топтарға бөлуге болады:

№	Көлікте жүрудің жайлылығы (комфорт)	69%
1	жеткізу жылдамдығы жоғары	62%
2	салон таза	67%
3	бос орындар бар	48%
4	қалалық автобустар жаңа, жайлы	52%
5	жол ақысын төлеу ыңғайлы және тез	76%
6	салондағы бір қалыпты температуралық режим	81%
7	орындықтардың ыңғайлылығы	76%
8	маршрут туралы ақпараттың көрсетілуі	90%




Сурет 3. Көлікте жүрудің жайлылығын бағалау

<b>Көліктік қызмет көрсетудің қауіпсіздігі</b>	<b>64%</b>
Екпін алу және тежеу бір қалыпты	62%
Міну мен түсу қауіпсіз	67%
Көлік құралының күйі жақсы	76%
Жүргізуші «ЖҚЕ» сақтайды	67%
Отынның, жанған газдың және басқа да иістер жоқ	48%




Сурет 4. Көліктік қызмет көрсету қауіпсіздігін бағалау




Сурет 5. Жүргізушінің әдебін бағалау

<b>Жүргізушінің мәдениеті</b>	<b>56%</b>
жүргізуші темекі шекпейді	57%
жағымды тыныш әуен	29%
жүргізуші аялдамаларды хабарлайды	81%



Сурет 6. Көлік ұйымының қызмет көрсету сапасын бағалау

<b>Көлік ұйымының қызмет көрсету сапасы</b>	<b>64%</b>
аялдама пунктіне дейін 500 м-ден кіші немесе 5 минутқа дейін	48%
автобусты аялдамада күтіп тұру уақыты 5 минутқа дейін	57%
автобус әрдайым жүру кестесі бойынша келеді	57%
автобус қозғалысының арасы 10 минут шамасында	76%
жол төсемі сапалы	81%



Сурет 7. Қалалық маршрутта көліктік қызметтің сапасын бағалау



**Қалалық маршрутта көліктік қызметтің сапасын бағалау**

Көлікте жүрудің жайлылығы (комфорт)	69%
Көліктік қызмет көрсетудің қауіпсіздігі	62%
Жүргізушінің әдебі	67%
Көлік ұйымының қызмет көрсету сапасы	48%

Сонымен, жүргізілген зерттеулер нәтижелерін талдауларды ескерер болсақ, онда көліктік қызмет көрсетудің сапасы, негізінен алғанда, тұтынушының күткеніне сәйкес келмейді (43,8%). Мұнда респонденттердің бағалауы бойынша, олар тасымалдау қызметінің сапасы дегенде, бірінші кезекте жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін (34,3%), ал соңғы кезекте оны ұйымдастыру мәселесін түсінетінін байқаймыз (17,9%).

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Вельможин, А.В. Технология, организация и управление грузовыми перевозками [Текст] / А.В. Вельможин, В.А. Гудков, Л.Б. Миротин. – Волгоград: Изд. ВолгГТУ, 1998.
2. Гудков, В.А. Технология, организация и управление пассажирскими автомобильными перевозками [Текст] / В.А. Гудков, Л.Б. Миротин. – М.: Транспорт, 1997.
3. Ларин, О.Н. Организация пассажирских перевозок [Текст]: учеб. пос. / О.Н. Ларин. – Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 2005. – 104 с.
4. Горев, А.Э. Грузовые автомобильные перевозки [Текст]: учеб. пос. для вузов / А.Э. Горев. – М.: Академия, 2004. – 288 с.
5. Гудков, В.А. Пассажирские автомобильные перевозки [Текст]: учебник для вузов / В.А. Гудков, Л.Б. Миротин, А.В. Вельможин, С.А. Ширяев; под ред. В.А. Гудкова. – М.: Горячая линия – Телеком, 2004. – 448 с.
6. Организация и планирование грузовых автомобильных перевозок [Текст] / под ред. Л.А. Александрова. – М.: Высшая школа, 1972.
7. Дуднев, Д.И. Организация перевозок пассажиров автомобильным транспортом [Текст] / Д.И. Дуднев, М.И. Климова, А.А. Мени. – М.: Транспорт, 1982.
8. Кокопьянко, В.И. Организация и безопасность дорожного движения [Текст] / В.И. Кокопьянко. – М.: Транспорт, 1991.
9. Володин, Е.П. Организация и планирование перевозок пассажиров на автомобильном транспорте [Текст] / Е.П. Володин. – М.: Транспорт, 1982.

Материал редакцияға 28.05.14 түсті.

**B.U. Zhamanbaev, A.T. Imandosov, E.A. Almahanova,  
M.A. Khozhamberlieva**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz*

**ASSESSMENT OF THE QUALITY OF URBAN PASSENGER  
TRANSPORT ROUTES**

The proposed definition of passenger satisfaction with the quality of services transport services were used the methods of sociology, namely, the questioning of

the population of the city of Taraz. In the study included the lack of information about the level of quality of provided services, which is associated with the multidimensionality of the concept of "quality" and the complexity of its evaluation by the user. The results of the study were to identify the most important components of quality and quantitative assessment.

**Key words:** urban passenger transport, passenger, motorization, the quality of service of passengers, transportation of passengers by motor transport, passenger transport, bus passenger transportation, transport services, methods of sociology.

ӘОЖ 625.768

**А.Т. Имандосов<sup>1</sup>, Б.У. Жаманбаев<sup>2</sup>, Э.А. Алмаханова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2,3</sup>Магистр, аға оқытушы  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы

### ҚАЛАЛАРДАҒЫ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Жол жағдайларының, жол қозғалысын ұйымдастырудың сапа көрсеткіштерін және жол қозғалысы үрдісінің талдауы келтірілген. Жол қозғалысының жағдайларын бағалау үшін көлік құралдарының сипаттамалары мен бірқатар сандық және сапалық көрсеткіштері қарастырылды.

**Түйін сөздер:** қалалық жолаушылар көлігі, жолаушылар ағыны, автомобилизация, жолаушылар тасымалында қызмет көрсету сапасы, жолаушыларды автокөлікпен тасымалдау, жолаушылар тасымалы, автобуспен жолаушылар тасымалдау, жол жүру, жол жағдайлары.

Қалалардағы жол қозғалысына алуан түрлі факторлар әсер етеді. Ол факторларды төмендегі топтарға бөлуге болады: көлік құралдарының мінездемесімен анықталушы факторлар, жол қозғалысының қатысушыларымен анықталушы факторлар, жол жағдайларымен анықталушы факторлар.

Көлік құралдарының мінездемесін де статистикалық және динамикалық деп екі топқа бөлуге болады [1, 2, 3]. Статистикалық топқа көлік құралдарының габариттік өлшемдерін, салмағын, айналасының көрінгіштігін, басқару, тежеу жүйесінің, аспасының құрылымын және орналасуын, қозғалтқыш қуатын және басқа да біршама көрсеткіштерін жатқызуға болады.

Көлік құралдарының габариттік өлшемдері қозғалыс қатарының енін, тұрақтардың өлшемдерін, көлік ағындарының каналдық қозғалыс жүйесін ұйымдастыруда бағыттаушы құрылымдардың геометриялық өлшемдерін және т.б. анықтайды. Көлік құралының салмағы бойынша жолдың қаптамасының түрін, отын жұмсалымын, қозғалыс жылдамдығын, қаладағы газдану мен шуылдың деңгейін анықтайды.

Динамикалық қасиеттеріне қозғалтқыш қуатын, трансмиссияның беріліс саны мен түрін, тежеу қасиеттерін, шиндерінің түрін және т.б. жатқызуға болады. Бұл мінездемелер үдеу мен тежеудің қарқындылығын анықтайды, сөйтіп, автомобильдің динамикалық габаритін белгілейді. Қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан келіп шыға отырып,

тізбектегі ізбе-із келе жатқан екі автомобильдердің динамикалық габариттері түйіспеуі тиіс. Осылайша, көлік құралының динамикалық габариті қозғалыс қатарының өткізу қабілетін анықтайды. Автомобиль траекториясының пландағы тербелісі автокөліктің және адамның сезбеушілік шегімен байланысты болады. Белгіленген бағыттан қозғалыс траекториясының ауытқуы қозғалыс жолағының енін анықтайды, ал, оның өзі жүргізушінің психофизиологиялық қасиеттеріне тәуелді.

Сонымен, көлік құралдарының техникалық мінездемелерін сипаттайтын факторлар көлік ағындарының қозғалыс режиміне өз әсерін тигізіп, айтарлықтай дәрежеде жол қозғалысының жағдайларын белгілейді.

Жол қозғалысы процесінде пайда болатын конфликті ситуациялардың саны мен қауіптілік дәрежесі, көпшілік жағдайларда қозғалыс қатысушыларының, яғни жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің әрекеттерімен анықталады. Қозғалыстың қатысушысы ретінде адамды төмендегі қасиеттері сипаттайды: квалификациясы, мотивациясы, психофизиологиясы, денсаулығының күйі, жасы, әлеуметтік жағдайы және т.б.

Жол жағдайларының алуан түрлі болуы жол қозғалысының күйін әрбір нақты жағдайда және нақты орында қарастыруға мәжбүрлейді. Яғни, қалалық жол-көше торабының жол қаптамасының нақты геометриялық параметрі, күйі және типі болған, жүргінші ағынынан көлік ағынының белгілі бір оқшаулану дәрежесі бар болған, көрінгіштік жағдайлары болған жолдың нақты бір бөлігінде қарастыруға тура келеді [3].


Жол жағдайлары да нақты жол бөлігінде инженерлік құралдарды пайдалану арқылы жол қозғалысын ұйымдастыруға айтарлықтай дәрежеде тәуелді болады. Атап айтқанда автокөлік және жүргінші ағындарының қиылысын реттеу әдістері, жылдамдықты, басып озуды, оңға және солға бұрылуды, кері бұрылыуды шектеу әдістері, бір бағыттағы қозғалысты ұйымдастыру, жалпы пайдаланудағы көліктің басымдылықпен қозғалысын ұйымдастыру, түрлі қалалық аймақтарға белгілі категориялы көлік құралдарының кіруін шектеу.

Жол қозғалысының жағдайлары мен режимдеріне әсер етуші көше мен жолдың негізгі геометриялық параметрлеріне төмендегілер жатады: жүріс бөлігінің ені, қозғалыс қатарларының саны, жүргіншілердің қатынас жолдары (тротуарлар, жүргінші өткелдері және т.б.), тұрақ қатарларының саны, қиылыспалардың орналасу жиілігі, ажырату жолағының конструкциясы мен өлшемдері, қоғамдық көліктің аялдамаларының конструкциясы және орналасу жиілігі және т.б.

Жол қозғалысы процесінің негізгі мақсаты оған қатысушылардың қозғалыс қауіпсіздік дәрежесі және уақыты, сондай-ақ, жол-көше торабының жүктелу деңгейі бойынша тиімділігінің кешендік көрсеткіштерімен анықталады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін нақты бір жол бөлігінде жол қозғалысының жағдайларын жетілдіруге бағытталған белгілі бір шешім қабылданады (1-сурет) [3].

Бірінші этапта жол қозғалысы процесінің жүзеге асу шарттары талданады, яғни, жүргіншілер мен көлік құралдарының қозғалыс режимін сипаттайтын мағлұматтар, сондай-ақ, көлік құралдарының тұрақтауы (парковкасы) және жол-көлік оқиғаларын талдау деректері талданады. Екінші этапта жол қозғалысының күзетілуші (нақты іс жүзіндегі, яғни, «фактический») параметрлерін қозғалысты ұйымдастырудың нормативтік-анықтамалық әдебиеттерде көрсетілген сапасының эталондық

көрсеткіштерімен салыстыру арқылы қозғалысты ұйымдастырудың сапасын бағалау жүргізіледі.



Сурет 1. Жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша шешім қабылдау «алгоритмінің» блок-схемасы

Осындай салыстыру негізінде үшінші этапта жол қозғалысының жағдайларын жетілдіруге бағытталған шешім қабылданады [3]. Қалаларда жол қозғалысының жағдайын бағалау үшін бірқатар сандық көрсеткіштерден пайдаланады, атап айтқанда олар төмендегілер: кідірістің ұзақтығы, кезек күтіп тұрған автокөлік қатарының ұзындығы, қозғалыс жылдамдығы, үдеудің шуылы, қатынас жылдамдығы, өткізгіштік қабілеті, тұрақта тұру ұзақтығы, автотұрақта бос орын болуының ықтималдығы, қозғалыс қауіпсіздігінің әртүрлі көрсеткіштері. Дегенмен, көбінесе, қозғалыс жағдайының тиімділігін бағалау үшін, жылдамдық пен қозғалыс қауіпсіздігін, сондай-ақ, тораптың өткізгіштік қабілетін сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығын пайдаланады. Тиімділік көрсеткіштеріне бірталай талаптар қойылады; олардың негізгілерін атап өтер болсақ, олар жол қозғалысының ол немесе бұл процестің мақсаттық функциясын сандық тұрғыдан анықтауға тиіс. Ол бір санмен бейнеленуі, универсалдық және толықтық талаптарын қанағаттандыруы, физикалық мағынасы болуы, қарапайым және жеңіл есептеп табылатындай болуы тиіс.

Мысал ретінде ірі қаланың орталық аймағын алып қарауға болады. Бұл аймақтың көшелерін жол қозғалысына қатысушылардың пайдалану сипатының ерекшеліктерін, олардың қозғалыс режимдерін зерттеулердің нәтижелерін [4], сондай-ақ, бағалау оперативтік шартын ескере отырып,

ұйымдастыру сапасының көрсеткіші деп көлік құралдарының жылдамдығын және қызмет көрсету уақытын (немесе паркирования уақытын) есептеуге болады.

Бұл көрсеткіштерді берілген жағдайда жол қозғалысы жүйесінің мінез-құлқын анықтаушы факторлардың әсеріне жауабы ретінде қарастыруға болады (2-сурет) [3].

Олар мақсатқа жету тұрғысынан алғанда тиімді, оңай және қарапайым өлшеуге болады, универсалдығымен ерекшеленеді, сандық тұрғыдан бір санмен бейнеленеді, статистикалық тұрғыдан тиімді, жүйенің барлық күйі үшін анықталады. Сонымен, бұл көрсеткіштер, бір жағынан, сыртқы жағдайларға салыстырғанда жол қозғалысы процесінің жүріп өту сипатының белгілеріне жеткілікті сезгірлік танытса, екінші жағынан, көшенің қозғалыс қатысушыларының белгілі бір категориялары тарапынан пайдаланудағы элементтерінің өткізгіштік қабілетін анықтайды. Жол қозғалысының режимін жасақтаушы факторларды сұрыптау олардың әсер ету дәрежесін априорлық бағалауға, сонымен қатар бұрынғы жүргізілген зерттеулердің және натурлық күзетулердің деректеріне негізделген.



Сурет 2. Қаланың орталық аймақтарында жол қозғалысының жағдайларына әсер етуші факторлар

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Автомобильные перевозки и организация дорожного движения [Текст]: справочник / Пер. с англ. – М.: Транспорт, 1981.
2. Дрю, Д.Р. Теория транспортных потоков и управление ими [Текст] / Д.Р. Дрю. – М.: Транспорт, 1972.

3. Романов, А.Г. Дорожное движение в городах [Текст]: закономерности тенденции / А.Г. Романов. – М.: Транспорт, 1984.
4. Лобанов, Е.М. Пропускная способность автомобильных дорог [Текст] / Е.М. Лобанов [и др.]. – М.: Транспорт, 1970.

Материал редакцияға 19.06.14 түсті.

**A.T. Imandossov, B.U. Zhamanbaev, E.A. Almakhanova**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, RK*

### **FACTORS AFFECTING THE CONDITION TRAFFIC IN CITIES**

The analysis of road conditions, indicators of quality of the organization of traffic and traffic process is provided. For an assessment of conditions of traffic characteristics of vehicles and a number of quantitative and quality indicators are considered.

**Key words:** urban passenger transport, passenger, motorization, passenger transportation vehicles, passenger transport, transport services, road traffic, road conditions.

УДК 661.734.1:577.15:663.15

**А.В. Кабанов<sup>1</sup>, Н.А. Горбатовская<sup>2</sup>, А.Г. Шлейкин<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Канд. биол. наук, доцент, <sup>3</sup>Д-р мед. наук, профессор  
Университет ИТМО, г. Санкт-Петербург, РФ*

*<sup>2</sup>Канд. техн. наук, профессор*

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК*

### **СТРУКТУРА И СУБСТРАТНАЯ СПЕЦИФИЧНОСТЬ АМИЛАЗ ГРИБОВ РОДА ASPERGILLUS**

Рассматриваются новые, мало освещённые в литературе вопросы классификации, строения и синтеза амилолитических ферментов плесневых грибов, а также их субстратная специфичность. Грибы рода *Aspergillus* служат продуцентами промышленных препаратов альфа- и гликоамилаз, поэтому в статье обсуждаются особенности созревания и активации амилолитических ферментов в клетках данных грибов. Обосновываются критические направления индустрии амилаз: скрининг продуцентов новых ферментных препаратов; молекулярная модификация ферментов с целью повышения их активности; получение рекомбинантных катализаторов; расширение производства иммобилизованных ферментов.

**Ключевые слова:** амилазы, классификация, созревание, специфичность, грибы *Aspergillus*.

Ферменты, гидролизующие крахмал, широко распространены в различных живых организмах, как прокариотических, так и ядерных. Амилазы плесневых грибов представляют значительный теоретический и практический интерес благодаря своей высокой активности, сравнительной

простоте получения и достаточно широкой субстратной специфичности. Это позволяет активно использовать их в различных производствах, таких как пищевое, фармацевтическое и текстильное.

Известно, что в природе активными утилизаторами остатков растений являются мицелиальные грибы рода *Aspergillus*, способные использовать в качестве источников углеводного питания наряду с глюкозой и различными дисахаридами, также высокомолекулярные углеводы, в том числе крахмал. Крахмал и другие высокомолекулярные субстраты используются грибными клетками путём гидролитического расщепления на моно- или олигомеры при участии гидролитических ферментов.

Несмотря на то, что специфичность действия гидролизующих крахмал ферментов изучается вторую сотню лет, до настоящего времени не объяснены различия в характере действия и широкая субстратная специфичность отдельных амилаз на основе строения активных центров и пространственных структур их молекул. Перекрывающаяся специфичность этих ферментов во многих случаях существенно затрудняет их классификацию, которая продолжает усложняться.

К амилазам относят широкий ряд ферментов: альфа-амилазу, бета-амилазу, экзо-1,4-альфа-глюкозидазу (глюкоамилазу или гамма-амилазу), олиго-1,6-глюкозидазу, амило-1,6-глюкозидазу, пуллуланазу, изоамилазу [1]. Установлено, что они гидролизуют альфа-1,4- и/или альфа-1,6-гликозидные связи в крахмале, гликогене и в родственных им олиго- и полисахаридах.

Согласно действующей номенклатуре ферментов большинство амилаз относятся к классу гидролаз, подклассу гликозидаз. Однако, в 90-х годах XX века, на основании сходств и различий в их структуре, амилолитические ферменты были разделены на семейства гликозид гидролаз (GH): альфа-амилазы – семейство GH13; бета-амилазы – семейство GH14; и глюкоамилазы – семейство GH15. Семейства, в свою очередь, входят в роды. Эта классификация, доступная на сайте CAZy [2], отражает различия в механизмах реакций и трёх типов амилаз. В клетках плесневых грибов и их культуральных жидкостях находят только альфа- и глюкоамилазы. Другие ферменты, катализирующие гидролиз полисахаридов, для них не характерны.

Широко распространенный в природе фермент альфа-амилаза (КФ 3.2.1.1, альфа-1,4-глюкан-4-глюканогидролаза) является эндоамилазой, вызывающей гидролитическое расщепление альфа-1,4-гликозидных связей, случайным образом внутри высокополимеризованного субстрата и освобождает глюкозу в  $\alpha$ -аномерной форме. При этом происходит стремительное уменьшение молекулярной массы полисахарида и вязкости его растворов, а также потеря способности крахмала реагировать с йодом. Фермент является глобулярным белком, относящимся к кальциевым металлопротеинам. Ионы кальция стабилизируют структуру альфа-амилазы и препятствуют её денатурации [3]. Альфа-амилаза вместе с 16 другими гликозидазами, 9 трансферазами и 3 изомеразам входит в семейство GH-13, которое, в свою очередь, включается в род GH-N.

Большинство грибных альфа-амилаз имеют молекулярную массу около 50 кДа. Так, фермент, синтезируемый грибом *Aspergillus oryzae*, обладает массой молекулы 52,5 кДа, а *Aspergillus niger* - 53 кДа. Ранее были подробно описана необходимость совместного функционирования альфа- и глюкоамилазы. Установлено явление синергизма в действии различных грибных амилаз, что необходимо для быстрого перевода нативного крахмала в легко усвояемые для клеток грибов сахара [4].

Два других семейства амилолитических ферментов GH14 и GH15, бета- и глюкоамилазы, соответственно, отличаются способностью использовать инвертирующий механизм для расщепления  $\alpha$ -гликозидных связей, а именно: продуктами, катализируемых ими реакций, являются  $\beta$ -аномеры.

С эволюционной точки зрения  $\beta$ -амилазы представляют собой «одинокое» семейство GH, так как не проявляют структурных сходств с другими гликозидазами. Напротив, глюкоамилазы вместе с семейством GH65 образуют род GH-L [5].

Глюкоамилаза – (КФ 3.2.1.3, альфа-1,4:1,6-глюкан-4,6-глюкангидролаза) является высокоактивной экзоамилазой и атакует только нередуцирующие концы цепей крахмала и родственных ему мальтодекстринов, отщепляя последовательно глюкозные остатки. Глюкоамилазы являются гликопротеидами, содержащими от 5 до 20 % углеводов, представленными преимущественно маннозой, глюкозой, галактозой и глюкозамином [6]. Расщеплению подвергаются в первую очередь 1,4- и в меньшей степени 1,6- гликозидные связи, при этом глюкоза образуется в бета-мутамерной форме [7, 8]. Глюкоамилаза способна гидролизовать до глюкозы, как амилозу, так и амилопектин, при этом она наиболее активна в отношении уже частично гидролизованного крахмала. При действии глюкоамилазы молекулярная масса углеводного полимера, а, следовательно, и вязкость его растворов снижаются сравнительно медленно.

Важно также отметить практически полное отсутствие ингибирования этого энзима конечным продуктом реакции гидролиза – глюкозой. При этом высокие концентрации глюкозы и лактозы в культуральной жидкости могут угнетать биосинтез глюкоамилазы. Наиболее эффективным индуктором ее синтеза является мальтоза, хотя данный дисахарид расщепляется глюкоамилазой сравнительно медленно и явно не входит в число её основных субстратов [7].

Анализ аминокислотных последовательностей молекул ферментов родственных видов и штаммов даёт возможность косвенно судить о сходстве или различии их отдельных генов и даёт некоторое представление о степени родства этих организмов. Сравнительный анализ первичных структур глюкоамилаз из микромицетов рода *Aspergillus* (*A. niger*, *A. awamori* X-100, *A. awamori* var. *kawachi*, *A. shirousami*, *A. oryzae*) с помощью программы Gene Bee показал гомологию их аминокислотных последовательностей на 86,1%. Сигнальные пептиды состоят из 24 аминокислотных звеньев, N-концевыми аминокислотами являются остатки Ala и Thr, C-концевыми – остатки Trp и Arg. Сигнальный пептид глюкоамилазы из *A. oryzae* имеет 2 дополнительных остатка: Val2 и Val20 [9].

Установлено, что в состав наиболее консервативных областей полипептидных цепей глюкоамилаз плесневого происхождения входят остатки Asp и Glu, карбоксильные группы которых участвуют в разрыве гликозидных связей в молекуле крахмала, и остаток Trp, выполняющий субстратсвязывающую функцию [10]. Таким образом, наиболее консервативны именно те области, которые особенно важны для функционирования фермента.

Сопоставление первичных структур глюкоамилаз аспергиллов показало, что частота замен остатков на протяжении полипептидных цепей отличается высокой вариабельностью. В результате сравнения аминокислотных последовательностей этих ферментов удалось выявить незначимые для проявления биологических свойств положения остатков



аминокислот, обнаружив высокую частоту замен в данных участках полипептидных цепей. Считается, что высокая частота замен остатков со сходными характеристиками, таких как Val $\leftrightarrow$ Ile, Ser $\leftrightarrow$ Thr, Met $\leftrightarrow$ Leu, существенно не отражается на кинетических свойствах глюкоамилаз. Мутации с заменами Ala $\leftrightarrow$ Ser, Ala $\leftrightarrow$ Thr, Ile $\leftrightarrow$ Ser, Phe $\leftrightarrow$ Thr, Ser $\leftrightarrow$ Glu, немногочисленны и не способны серьезно влиять на гидрофильно-гидрофобные свойства белковых молекул. Преобладание позиций с малой частотой замен является признаком эволюционной близости продуцентов амилотических ферментов [9].

Выяснено, что полипептидная цепь субъединицы глюкоамилазы из *A. oryzae*, приобретая дополнительный остаток Gly<sup>3</sup>, утрачивает аминокислоту Ser<sup>584</sup>. Утрата 13 остатков Thr и 5 остатков Ser в молекуле глюкоамилазы продуцируемой *A. oryzae*, являющихся местами прикрепления углеводных компонентов, свидетельствует о заметном снижении степени гликозилированности данного энзима.

Анализ данных литературы показал, что делеции затрагивают только О-гликозилированный домен белковой молекулы, необходимый для прикрепления к высокомолекулярному субстрату и не отражаются на каталитических свойствах фермента. Обнаружено, что в аминокислотных последовательностях субъединиц глюкоамилаз из *A. awamori* X-100, *A. awamori* var. *kawachi*, *A. shirousami*, *A. oryzae* имеет место делеция Ala<sup>120</sup> в каталитическом домене. В результате делеции остатка Ala<sup>120</sup>, несущественного для проявления ферментативной активности, их полипептидные цепи включают 615 мономерных звеньев.

При сравнении аминокислотных последовательностей молекул ферментов из *A. awamori* и дрожжей *Saccharomycopsis fibuligera* было показано, что они гомологичны на 39,2%. Полипептидная цепь молекулы глюкоамилазы из *S. fibuligera* состоит из 492 аминокислотных остатков, среди которых отсутствует Cys. При этом фермент из *A. awamori* имеет 9 SH-групп, образующих 4 дисульфидных мостика и одну свободную тиоловую группу [9].

#### **Молекулярная гетерогенность глюкоамилаз**

Глюкоамилаза *Aspergillus niger* представлена двумя ферментативно активными формами, обладающими различной молекулярной массой и электрофоретической подвижностью. Традиционно их называют G1 и G2. Большая форма (G1) имеет молекулярную массу 71 кДа, а меньшая (G2) – 61 кДа [11].

Большой научный и практический интерес представляет достаточно сложный процесс синтеза и посттрансляционных превращений глюкоамилазы *A. niger*. Этой проблеме посвящено значительное количество публикаций [7, 11]. Определение аминокислотной последовательности форм G1 и G2 глюкоамилазы из *Aspergillus niger* показало, что их полипептидные цепи весьма близки, однако на С-конце G1 расположен пептидный фрагмент, отсутствующий у G2-формы. Эти две формы обладают перекрестной иммунологической реактивностью. Аналогичное структурное родство было обнаружено у глюкоамилаз M1 и M2 из *Aspergillus saitoi*, в то же время, множественные формы глюкоамилазы из грибов рода *Rhizopus* различаются между собой участками на N-конце полипептидной цепи.

Предполагалось, что формы глюкоамилазы с низкой молекулярной массой образуются предположительно путем ограниченного протеолиза из более крупных белковых молекул, так как обработка высокомолекулярных


В отличие от обтяжно-затяжной машины типа ЗНК, у которой стелечный упор I в нижней исходной позиции занимает горизонтальное положение (положение I-I) в модернизированной машине, он, опускаясь несколько ниже, располагается под углом  $\alpha$  к горизонту (позиция II-II). Так как в модернизированной машине стелечный упор 1 находится ниже уровня расположения клещей (позиция I-I) под углом  $\alpha$ , то конфигурацию носочно-пучковой части исходной заготовки верха обуви целесообразно проектировать сужающейся от носка к пучкам. При таком проектировании можно не только сэкономить кожевенный материал примерно на 5-7%, но и повысить формоустойчивость верха обуви за счет дополнительной вытяжки заготовки в центральной ее части. Кроме того, как показали поисковые исследования, с сужением конфигурации союзки укладываемость ее при раскрое также повышается. Что позволяет уменьшить межшаблонные отходы кожевенных материалов.

Клещи (рис. 1) конструктивно выполнены подвижными с возможностью поворота вокруг горизонтальных осей под действием усилия формования.

Рассмотрим результаты исследования распределения поперечных деформаций по длине союзки при существующем обтяжно-затяжном методе формования на машине типа ЗНК, предварительной вытяжке заготовки при повороте стелечного упора на угол  $\alpha$  (рис 5.) с позиции II-II до I-I и комбинации этих двух методов.

Исходную заготовку в носочно-пучковой части разделим на 7 участков (рис. 3).

Усредненную величину поперечной деформации заготовки (в %) определим по формуле:

$$E_{\text{ср}i} = \frac{2S}{L_i} \cdot 100\%,$$

где:  $S$  – высота подъема стелечного упора, мм;  $L_i$  – ширина заготовки на  $i$ -ом участке, мм.

На рисунке 4 показаны графики распределения усредненных поперечных деформаций по длине союзки при разных величинах  $S$  подъема

стелечного упора при обтяжно-затяжном методе формования на машине типа ЗНК.




Рис. 3. Разбиение заготовки верха обуви на участки




Рис. 4. Зависимости поперечных деформаций заготовки от номера участка при обтяжно-затяжном методе

Из графиков следует, что при формовании носочно-пучковой части заготовки верха обуви на обтяжно-затяжных машинах типа ЗНК распределения деформаций по площади союзки неравномерное. Максимальные удлинения заготовка получает в носочной части, которые по мере приближения к пучкам уменьшаются. Это объясняется тем, что в обтяжно-затяжных машинах вытяжка заготовки осуществляется путем параллельного подъема стелечного упора относительно клещей, т.е. заготовка получает одинаковую абсолютную вытяжку на разных участках. Но, так как союзка имеет не одинаковый широтный размер по длине, то отсюда и неравномерный характер распределения поперечных деформаций по площади заготовки. Причем, чем больше величина  $S$  подъема стелечного упора, тем распределения деформаций более неоднородное.

Модернизированная машина осуществляет вытяжку носочно-пучковой части заготовки верха обуви в два этапа. На первом этапе (см. рис. 2) стелечный упор I с колодкой 6 и заготовкой, поднимаясь вверх, поворачивается относительно точки 0 на угол  $\alpha$  до позиции I-I, задаваемой рычагом 4 и регулировочным винтом 3, в результате чего осуществляется предварительная вытяжка заготовки. На втором этапе, то есть при дальнейшем подъеме стелечного упора, вытяжка заготовки осуществляется аналогично обтяжно-затяжному методу формования на машине типа ЗНК.

На рис 5 показаны графические зависимости поперечных деформаций на разных участках заготовки при предварительной вытяжке. Из рисунка следует, что здесь картина распределения деформаций в заготовке обратная. Другими словами, в отличие от традиционного способа формования обтяжно-

затяжным методом, максимальные удлинения получила заготовка в области пучков и минимальные в носочной части, и чем больше угол  $\alpha$  поворота стелечного упора, тем больше эта разница.




Рис. 5. Зависимости поперечных деформаций заготовки от номера участка при предварительной вытяжке

При вытяжке заготовки в два этапа на модернизированной машине удлинения заготовки на каждом участке можно сложить и тогда распределения деформаций по площади будет более равномерным (рис. 5). Как видим в центральной части заготовка деформируется в большей степени, чем при формовании на машине типа ЗНК, следовательно, в целом формоустойчивость верха обуви при носке будет выше, а качество формования лучше.

В работе [2] предлагается способ предварительного формования союски для придания объемной формы носочно-пучковой части заготовки верха обуви. Этот способ рекомендуется осуществить до формования верха обуви обтяжно-затяжным методом на машине типа ЗНК. Это способ также, как и при рассмотренном выше предварительной вытяжке заготовки (рис. 6), обеспечивает максимальные удлинения в области пучков и минимальные - в носочной части.




Рис. 6. Зависимости поперечных деформаций заготовки от номера участка при формировании верха обуви на модернизированной машине

Данный способ также обеспечивает равномерное растяжение заготовки вдоль огибаемых контуров формирующей поверхности колодки. Этот технический результат в предлагаемом способе предварительного формирования достигается тем, что плоской заготовке придают форму пуансона при одновременном, постепенном растяжении ее от центра к краям при помощи формирующего пуансона и деформации эластичной упругой опоры, при чем одновременно с растяжением заготовки в полую часть перфорированного пуансона подают сжатый горячий воздух для придания большей деформации союзке в серединной части.

Предлагаемые способы и устройства для формирования верха обуви позволяют существенно повысить качество проведения формовочных операций и рациональнее использовать кожевенные и материалы.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Предварительный патент №13744 РК. Машина для формирования носочно-пучковой части заготовки верха обуви [Текст] / Кан В.А., Ким Ф.И.– Оpubл. в Б.И., №12, 2003.
2. Предварительный патент №13485 РК. Способ предварительного формирования союзки [Текст] / Инкаров Б.Г, Ким Ф.И., Тянь А.А. – Оpubл. в Б.И., №10, 2003.

Материал поступил в редакцию 15.05.14.

**F.I. Kim, N.D. Abildaeva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulaty, Taraz*

#### IMPROVEMENT TO TECHNOLOGIES AND EQUIPMENT FOR MOLDING STOCKING UP THE TOP FOOTWEAR

In work are considered and explored new ways and device, providing more even molding top footwear under pulled- lingering method undertaking to technological operation.

**Keywords:** forming, moisturizing, deformation, storage, Pulling-protracted machine, shoe.

ӘОЖ 621.9.06

**Б.А. Қойайдаров<sup>1</sup>, О.Ж. Искендеров<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, г. Тараз

#### СТАНДАРТТЫ СЫНА БЕЛДІКТІ ВАРИАТОРҒА АВТОМАТТЫ КЕРЕТІН ҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ

Стандартты сына белдікті вариаторға роликті және тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылымдар ұсынылған және оларды есептеу әдістемелері құрылған.


**Түйін сөздер:** жылдамдық, сына, белдік, вариатор, шкив, реттеу, ролик.

Металл кесетін станоктардағы форма құрушы қозғалысқа вариаторлы жетек құруға стандартты сына белдікті вариаторды пайдаланған тиімді.

Сына белдікті беріліс дұрыс жұмыс жасау үшін барлық уақытта белдік бастапқы керілу қалпын жоғалтпау керек. Бастапқы керу күші сына белдіктің көлденең қимасындағы созу кернеуі  $\sigma_0 = 1,2 \div 2 \text{ Н / мм}^2$  болатындай шамада болады [1-3].

Стандартты сына белдікті вариаторда жылдамдықты реттегенде жетектегі шкивтің диаметрі өзгереді. Осыған байланысты вариатор түріне қарай белдіктің геометриялық ұзындығы немесе өстер арақашықтығы өзгереді. Сондықтан белдіктің керілу қалпын ұстау үшін вариаторда автоматты керу құрылымымен жабдықтау керек болады.

Өстер арақашықтығы тұрақты стандартты сына белдікті вариаторға ұсынылған автоматты керетін құрылымның сұлбасы 1-суретте келтірілді. Схемада вариатордың көрсетілген элементтері 1–жетекші шкив, 2–жетектегі шкив, 3–стандартты сына белдік, 4–ролик, 5–рычаг, 6–созылу серіппесі, 7–реттейтін винт, 8–гайка.



Сурет 1. Автоматты роликті керетін құрылым схемасы

Жетекші шкивтің 1 өсінде айнала алатын мүмкіндікпен қосылған рычагтың 5 ұшына ролик 4 топсамен бекітілген. Сондықтан ролик 4 еркін айнала алады. Созылу серіппесінің 6 бір ұшы роликтің 4 өсіне ілінген, ал екінші ұшы реттейтін винттің 7 ұшына кигізілген втулкаға 9 ілінген. Реттейтін винт 7 қозғалмайтын гайкаға бекітілген.

Рычагты 5 керетін ролик 4 жетекші шкивтегі 1 сына белдіктің 3 астыңғы және үстіңгі тармақтарына қойылған. Сондықтан роликтер 4 серіппелердің 6 күшімен белдіктің 3 екі тармағын жетекші шкивке 1 орап кереді. Нәтижесінде белдіктің 3 жетекші 1 және жетектегі 2 шкивтерді камту бұрышы үлкейеді, берілістің тарту қабілеті күшейеді.

Роликті керетін құрылым вариаторды реттеуде жетектегі шкив кіші диаметріне ауысқанда болатын сына белдіктің артық ұзындығын қамтып, оның керіліп тұруын қамтамасыз етеді. Бұл процесс автоматты режимде орындалады. Осылай болу үшін роликті керетін құрылымның негізгі параметрлерін дұрыс таңдау керек. Ол үшін вариаторда қамтылатын белдіктің ұзындығының роликті керетін құрылымның параметрлеріне тәуелді өзгеру заңдылығы болу керек. Осы заңдылықты анықтау мақсатымен құрылған роликті керетін құрылымның есептеу схемасы 2-суретте келтірілді.


Вариаторды реттеуде сына белдіктің ең үлкен артық ұзындығы жетектегі шкив кіші диаметрге ауысқанда шығады.

$$l = L - (2 \cdot \phi + \pi \cdot D_1), \text{ мм} \quad (1)$$

мұнда:  $L$  – вариатордағы сына белдіктің стандартты ұзындығы, мм;  $a$  – вариатордың өстерінің арақашықтығы, мм;  $D_1$  – вариатордың шкивтерінің диаметрі, мм.

Жетектегі шкивтің кіші диаметрі жетекші шкивтің диаметріне тең болады.

$$D_{2\min} = D_1.$$



Сурет 2. Роликті керетін құрылымды есептеу схемасы

Вариаторды реттеуде роликтер серіппелердің күшімен жетекші шкивтің өсіне бұрылып, босаған сына белдікті кереді. Осы кезде ролик қамтитын белдіктің ұзындығы (2-сурет)

$$l'_p = (l_{BC} + l_{CD} + l_{DE} + l_{EF}) - a, \quad (2)$$

мұнда:  $l_{BC} = 0,5 \cdot D_1 \cdot \phi$  – жетекші шкивке оралған белдік ұзындығы, мм;

$l_{CD} = 0,5 \cdot D_p \cdot \psi_1$  – керетін роликті орайтын белдік ұзындығы, мм;

$l_{DE} = 0,5 \cdot D_p \cdot \psi_2$  – керетін роликті орайтын белдік ұзындығы, мм;

$l_{EF}$  – керетін роликтен жетектегі шкивке дейінгі белдіктің ұзындығы, мм;  $a$  –



вариатор өстерінің арақашықтығы, мм;  $l'_p$  - бір ролик қамтитын белдік ұзындығы.

Сына белдіктің керетін роликті қамтитын бұрыштарын ( $\psi_1, \psi_2$ ) анықтаймыз. Тікбұрышты үшбұрышты  $O_1AO_3$  қарастырамыз:

$$AO_1 = O_1O_3 \cdot \cos \varphi, \quad (3)$$

мұнда:  $O_1O_3 = 0,5 \cdot (D_1 + D_p)$  – рычагтың ұзындығы;  $\varphi$  – рычагтың бұрылу бұрышы;  $D_p$  – керетін роликтің диаметрі.

Рычагтың ұзындығын ескеріп (3) теңдеуді келесі түрде жазамыз

$$AO_1 = 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \cos \varphi. \quad (4)$$

Тікбұрышты  $O_1AO_3$  үшбұрыштағы  $\beta_1$  бұрышы

$$\beta_1 = \arcsin \frac{AO_1}{O_1O_3} = \arcsin \frac{0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \cos \varphi}{0,5 \cdot (D_1 + D_p)};$$

$$\beta_1 = \arcsin (\cos \varphi).$$

Сонда белдіктің керетін роликті бірінші қамту бұрышы келесідей болады

$$\psi_1 = 90^\circ - \beta_1 = 90^\circ - \arcsin (\cos \varphi);$$

$$\psi_1 = 90^\circ - \arcsin (\cos \varphi). \quad (5)$$

Тікбұрышты үшбұрыштан  $FKO_3$   $\gamma$  бұрышын табамыз

$$\gamma = \arctg \cdot \frac{KO_3}{KF}, \quad (6)$$

мұнда:

$KO_3 = AB = AO_1 - BO_1 = 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cos \varphi - 0,5 \cdot D_1 = 0,5 \cdot [(D_1 + D_p) \cos \varphi - D_1]$  – роликтің өсінің тік өске проекциясының жетекші шкивтен қашықтығы;  
 $KF = a - KB = a - 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \sin \varphi$  – керетін роликтің өсінің жетектегі шкивтің өсіне дейінгі горизонталь қашықтық.

$KO_3$  және  $KF$  формулаларын ескеріп (6) теңдеуді келесі түрде жазамыз

$$\gamma = \arctg \cdot \frac{0,5 \cdot [(D_1 + D_p) \cdot \cos \varphi - D_1]}{a - 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \sin \varphi}. \quad (7)$$

Тікбұрышты үшбұрыштың  $FKO_3$   $FO_3$  қабырғасының ұзындығы

$$FO_3 = \sqrt{KF^2 + KO_3^2};$$

$$FO_3 = \sqrt{[a - 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \sin\varphi]^2 + [0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \cos\varphi - 0,5 \cdot D_1]^2}. \quad (8)$$

Тікбұрышты үшбұрыштан  $FO_3$   $\beta_2$  бұрышын табамыз

$$\beta_2 = \arccos \frac{EO_3}{FO_3},$$

мұнда:  $EO_3 = 0,5 \cdot D_p$  – роликтің радиусы;  $FO_3$  –  $FO_3$  үшбұрышының гипотенузасы.

$EO_3$  және  $FO_3$  формулаларын қойып келесі теңдеуді аламыз

$$\beta_2 = \arccos \frac{0,5 \cdot D_p}{\sqrt{A^2 + B^2}}, \quad (9)$$

мұнда:  $A = a - 0,5 \cdot (D_1 + D_p) \cdot \sin\varphi;$  (10)

$$B = 0,5 \cdot [(D_1 + D_p) \cdot \cos\varphi - D_1]; \quad (11)$$

$D_p$  – роликтің диаметрі.

Сына белдіктің роликті екінші қамту бұрышы

$$\psi_2 = 90^\circ - (\gamma + \beta_2). \quad (12)$$

Тікбұрышты үшбұрыштан  $FO_3$   $EF$  қабырғасының ұзындығын табамыз

$$EF = FO_3 \cdot \sin\beta_2;$$

$$EF = \sqrt{A^2 + B^2} \cdot \sin\beta_2;$$

$$l_{EF} = EF = \sqrt{A^2 + B^2} \cdot \sin\beta_2. \quad (13)$$

Астыңғы және үстіңгі керетін роликтердің қамтитын белдік ұзындығы

$$l_p = 2 \cdot l'_p = 2 \cdot [(l_{BC} + l_{CD} + l_{DE} + l_{EF}) - a]. \quad (14)$$

$l_{BC}, l_{CD}, l_{DE}, l_{EF}$  формулаларын ескеріп (14) теңдеуді келесі түрге келтіреміз

$$l_p = D_1 \cdot \varphi + D_p \cdot (\psi_1 + \psi_2) + 2 \cdot (\sqrt{A^2 + B^2} \cdot \sin\beta_2 - a). \quad (15)$$

Жетекші шкивтің диаметрі ( $D_1$ ) вариатордың есептелетін қуатына таңдалады, ал рычагтың бұрылу бұрышы ( $\varphi$ ) белдік қатты иілмеу үшін  $45^\circ$


аспағаны дұрыс. Сондықтан роликті керетін құрылымның белдікті қамту ұзындығы негізінен роликтің диаметріне ( $D_p$ ) тәуелді болады. Белдікті берілістерде керетін роликтің диаметрі жетекші шкивтің диаметрінен үлкен болмайды.

Автоматты роликті керетін құрылымның белдікті қамту мүмкіндігінің роликтің диаметріне тәуелді өзгеру графигін тұрғызу үшін келесі стандартты сына белдікті вариаторды қарастырамыз:  $a=300\text{мм}$ ;  $D_1=90\text{мм}$ ;  $\varphi=45^\circ$ . Роликті керетін құрылымның есептелген параметрлері кестеде келтірілді.

$$l_p = l_p(D_p) \text{ тәуелділігі}$$

$D_p$ , мм	50	60	70	80	90
$\varphi$ , град.	45	45	45	45	45
A, мм	250,5	247,0	243,4	239,9	236,4
B, мм	4,5	8,0	11,6	15,1	18,7
$\beta_2$ , град.	$84^{\circ}45'$	$83^{\circ}$	$81^{\circ}15'$	$80^{\circ}35'$	$79^{\circ}55'$
$\gamma$ , град.	1,083	1,92	2,75	3,58	4,58
$\psi_1$ , град.	45	45	45	45	45
$\psi_2$ , град.	4,17	5,083	6,0	5,83	5,50
$l_p$ , мм	12,6	13,6	14,6	15,9	16,9

Роликті керетін құрылымның белдікті қамту мүмкіндігінің роликтің диаметріне тәуелді өзгеру графигі 3-суретте келтірілді. Мүмкіндігі сызықтың заңдылықпен өседі.




Сурет 3.  $l_p = l_p(D_p)$  графигі.  $D_1=90\text{мм}$ ;  $a=300\text{мм}$ ;  $\varphi=45^\circ$ .

Автоматты роликті керетін құрылымның тұрғызылған математикалық үлгісі, мұндай құрылымды реттеу арнасы кіші немесе шкивтерінің диаметрі үлкен, остер арақашықтығы қысқа стандартты сына белдікті вариаторда пайдаланған тиімді болатынын көрсетеді.

Остер арақашықтығы тұрақты болмайтын стандартты сына белдікті вариаторға ұсынылған керектің құрылымның схемасы 4-суретте көрсетілген. Ол жетекті 1 және жетектегі 2 шкивтерден, стандартты сына белдіктен 3,

сырғыма подшипникті тіректен 4, тростан 5, блоктан 6, жүктен 7, тізбекті тісті берілістен 8, 9, 10 және екі рычагтан 11, 12 тұрады.



Сурет 4. Тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылым сұлбасы

Сына белдікті 3 бастапқы керілуге жүк 7 трос 5 арқылы жетекші шкивтің 1 сырғыма подшипникті тіректерін 4 жылжытып келтіреді. Вариаторды реттеуді жетекші шкив 1 жылжып остер арақашықтығы өзгереді, ал сына белдіктің 3 керілуі тұрақты болады. Себебі сына белдік 3 барлық уақытта жүктің 7 ауырлық күшінің әрекетімен керіледі.

Жетекші шкивтің 1 осі жылжымалы болғандықтан айналысты электрқозғалтқыштан (схемада көрсетілмеген) тізбекті тісті механизм 8, 9, 10 арқылы алады.

Жетектегі тісті дөңгелек 8 жетекші шкивтің 1 білігіне отырғызылған, ал жетекші тісті дөңгелек 10-электрқозғалтқыштық білігіне немесе өз білігіне отырады және подшипникті тіректері арқылы вариатордың рамасына бекітіледі. Соңғы жағдайда электрқозғалтқыштың білігімен муфта арқылы қосылады.

Жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектер паразитті тісті дөңгелек 9 арқылы ілініске келеді. Ілініс тұрақты болу үшін паразитті тісті дөңгелектің 9 осі екі рычагпен 11, 12 жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектердің остерімен топсаланып қосылған.

Станоктың шпинделіне электроқозғалтқыштың айналым санын кішірейтпей беру үшін тізбекті тісті механизмнің 8, 9, 10 беріліс саны бірге тең болу керек.

$$I_{zn} = 1$$

Ол үшін жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектердің тістер саны бірдей болады.

$$Z_8 = Z_{10} = Z$$

Паразитті тісті дөңгелектің 9 тістер саны ( $Z_n$ ) тісті механизмнің беріліс қатынасына әсер етпейді, сондықтан тұрақты тісті ілініс болу шартынан анықтайды.

Вариаторды реттегенде сына белдікті берілістің остер арақашықтығы өзгеріп, жетекші шкивтің жылжуының үлкен жолы келесіндей болады.

$$S_{\max} = a_{\max} - a_{\min}$$

мұнда:  $a_{\min}$  – вариаторда болатын ең кіші өстер арақашықтығы,  $a_{\max}$  – вариаторда болатын ең үлкен өстер арақашықтығы.;  $a_{\max}, a_{\min}$  – вариатордың өстер арақашықтығының графигінен анықталады.

Тізбекті тісті механизмнің 8, 9, 10 параметрлерін таңдауда келесі алғы шартты ескеру керек:

1) Вариатор ең кіші өстер арақашықтығына көшкенде жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектер жанаспай алшақ тұрады.

2) Вариатор ең үлкен өстер арақашықтығына көшкенде рычагтар 11, 12 бір түзуге жазылмайды.

3) Вариаторды реттеуде тісті дөңгелектердің 8, 9, 10 іліністері бұзылмайды, барлық уақытта іліністе болады.


Осы шарт паразитті тісті дөңгелектің 9 тістер саны ( $z_n$ ) және рычагтардың 11, 12 ұзындығы ( $l_p$ ) дұрыс тандалғанда орындалады. Вариатор ең үлкен өстер арақашықтығына ( $a_{\max}$ ) көшкендегі тізбектегі тісті механизмді есептеу схемасы 5 – суретте келтірілді.

Осы кездегі жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектерінің өстерінің арақашықтығы 1-ші шартты ескергенде келесідей болу керек

$$AB = k \cdot m \cdot z + S_{\max}, \quad (17)$$

мұнда:  $m$  – тісті дөңгелектердің модулі, мм;  $z$  – жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектердің тістер саны;  $k=1,2 \div 1,5$  – жетекші 10 және жетектегі 8 тісті дөңгелектердің өстерінің ең кіші арақашықтығының коэффициенті;  $S_{\max}$  – жетекші шкивтің үлкен жолы.

Тізбекті тісті механизмнің осы қалпында рычагтар 11, 12 толық жазылмай орналасу керек (5-сурет).



Сурет 5. Тізбекті тісті механизмді есептеу схемасы

Жетекші шкивтің жетектегі шкивке қарай жүрісінде рычагтар сыналанбау үшін қысым бұрышы ( $\delta$ ) шекті шамадан аспауы қажет. Қысым бұрышы ( $\delta$ ) деп жетектегі рычагтың (AC) C нүктесінің жылдамдығының  $\vec{V}_C$  векторы мен жетекші рычагтың (BC) C нүктесінің итеру күшінің  $\vec{F}$  векторының арасындағы бұрышты айтады.

Қысым бұрышының шекті шамасы  
 $\delta=30^\circ$ .

ABC үшбұрышының бұрыштарын анықтаймыз:

$$1) \angle C = 90^\circ + \delta;$$

2) 3-ші шарт орындалу үшін  $AC=BC$  болады, сондықтан

$$\angle A = \angle B;$$

3) рычагтардың AB сызығымен жасайтын бұрыштары

$$2\alpha + (90^\circ + \delta) = 180^\circ; \text{ осыдан}$$

$$\alpha = 45^\circ - \frac{\delta}{2} = 45^\circ - \frac{30^\circ}{2} = 30^\circ; \quad \alpha = 30^\circ.$$

Тік бұрышты үшбұрыштан BDC рычагтың ұзындығын анықтаймыз:

$$\frac{BD}{BC} = \cos \alpha; \quad BC = \frac{BD}{\cos \alpha},$$

$$\text{мұнда: } BD = 0,5 \cdot AB = 0,5 \cdot (k \cdot m \cdot z + S_{\max});$$

$$\cos \alpha = \cos 30^\circ = 0,866.$$

$$BC = l_p - \text{рычагтың ұзындығы.}$$

Осыны ескеріп рычагтың ұзындығының теңдеуін аламыз

$$l_p = 0,5774 \cdot (k \cdot m \cdot z + S_{\max}). \quad (18)$$

Жетектегі 8 және паразитті 9 тісті дөңгелектердің өстерінің арақашықтығы рычагтың ұзындығы болады

$$l_p = BC = 0,5 \cdot m(z + z_n), \quad (19)$$

мұнда:  $m$  – тісті дөңгелектердің модулі, мм;  $z$  – жетектегі 8 тісті дөңгелектің тістер саны;  $z_n$  – паразитті тісті дөңгелектің 9 тістер саны.

(19) формуланы (18) теңдеуіне қойып, келесі теңдікті аламыз

$$0,5 \cdot m(z + z_n) = 0,5774 \cdot (k \cdot m \cdot z + S_{\max}).$$

Осы теңдіктен паразитті тісті дөңгелектің тістер саны анықталады

$$z_n = z \cdot (1,155 \cdot k - 1) + 1,155 \cdot \frac{S_{\max}}{m}. \quad (20)$$

Тісті дөңгелектердің модулі (m) тісті берілісті вариатордың қуатына беріктікке есептеумен анықталады.

Ұсынылған тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылымды стандартты белдікті вариатордың барлық түріне пайдалануға болады. Тұрғызылған математикалық үлгі тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылымның параметрлерін дұрыс таңдауды қамтамасыз етеді.

Тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылым вариатордағы стандартты сына белдіктің керілуін барлық уақытта бірқалыпты ұстайды.

Ұсынылған тізбекті тісті механизмді автоматты керетін құрылым вариаторды қозғалысқа келтіретін электрқозғалтқышты тұрақты қалыпта бекітіп ұстауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чернавский, С.А. Проектирование механических передач [Текст] / С.А. Чернавский, Г.М. Ицкович, В.А. Киселев [и др.]. – М.: Машиностроение, 1976. – 608 с.
2. Иванов, М.Н. Детали машин [Текст] / М.Н. Иванов. – М.: Высшая школа, 1976. – 399 с.
3. Есипенко, Я.И. Механические вариаторы скорости [Текст] / Я.И. Есипенко. – Киев: Техническая литература, 1961.
4. Фильчаков, П.Ф. Справочник по высшей математике [Текст] / П.Ф. Фильчаков. – Киев: Наукова Думка, 1974.

Материал редакцияға 05.06.14 түсті.

**В.А. Қожадаров, О.Ж. Іскендеров**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulaty, Taraz*

#### DEVELOPMENT OF AUTOMATIC TENSIONER FOR V-BELT CVT STANDARD

Designed roller gear and automatic tensioners variator for standard V-belts and methods of their calculation.

**Keywords:** speed, wedge, belt, variator, regulation, pulley.

ӘОЖ 621.311.24

**Б.А. Қойайдаров<sup>1</sup>, Е.М. Көшерев<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы*

#### КӨП ҚАЛАҚТЫ ЖЕЛҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ЗЕРТТЕУ

Жел өткізетін қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелекті жабық қорапты желқозғалтқыш мәселесі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** жел, желқозғалтқыш, желдөңгелек, қалақ, қуат, жүйе.

Жел энергетикалық қондырғылардың қуат беретін негізгі элементі желқозғалтқыш. Ол желдің кинетикалық энергиясын өзінің білігінің айналмалы қозғалысының механикалық энергиясына айналдырады. Желқозғалтқыштың беретін механикалық энергиясын тікелей пайдаланып түрлі жұмысшы машиналарды жүргізуге болады немесе арнайы құрылыммен энергияның басқа түріне өзгертуге болады [1, 2].

Желқозғалтқыштың желдөңгелегі қалақтар жүйесімен жабдықталады. Жел легі осы қалақтар жүйесімен әрекеттесу арқылы желдөңгелекті айналысқа келтіреді [1, 2].

Қазіргі желқозғалтқыштардың қалақтар жүесі жел легімен негізінен екі әдіспен әрекеттеседі:

1) Барлық қалақтары бірден жұмыс жасайды, жел өтінің әрекетіне түседі. Осы әдіспен, қазір кең тараған, горизонталь өсті қанатты желқозғалтқыштар жұмыс жасайды. Барлық қанаттары бірден желдің көтеру күшінің әрекетіне түседі. Мұндай желқозғалтқыштарда қанаттар саны көп жағдайда үшеу болады. Желқозғалтқыштың қуаты қанатының ұзындығына тәуелді болады. Қазақстанның Жамбыл облысының Қордай ауданында орнатылған желқозғалтқыштың қанатының ұзындығы 23,5м.

Горизонталь өсті қанатты желқозғалтқыштардың кемшілігі; қанаттарын жел өтіне қарсы бағыттап отыру керек; шу және діріл тудырады; малға және радиотолқынға зиянды әсер жасайды; қыс мезгілінде қанатына мұз тұрып, ұшып қауіп тудырады; қанаына құстар түсіп өледі; қанаты ұзын болғандықтан биікке орналастыруды керек етеді.

Қанатты желқозғалтқыштардың құны жоғары, қанатының құрылысы күрделі және жасалуы қиын. Сонымен қатар мұндай желқозғалтқыштарды дауыл желден қорғау күрделі.

2) Қалақтары жел өтінің жұмысшы әрекетіне кезекпен түседі.

Осы әдіспен тік өсті желқозғалтқыштар жұмыс жасайды. Олардың артықшылығы: желдің бағытына тәуелсіз, бұрау моменті жоғары; құрылысы қарапайым; монтаждау деңіл.

Кемшіліктері: қалақтарына жел кезекпен соғады; айналым саны төмен; желэнергиясын пайдалану коэффициенті төмен.

Қалақтары кезекпен жұмыс жасайтын болғандықтан желдөңгелек үлкен болып шығады.

Жалпы бүгінгі күні игерілген желқозғалтқыштардың жалпы ортақ кемшіліктері: желэнергиясын пайдалану коэффициенті төмен:  $C_p = 0,30 \div 0,45$  – горизонталь өстіде,  $C_p = 0,10 \div 0,25$  – тік өстіде; желқозғалтқыш жел өтінде тұру керек; айналым саны жел жылдамдығына тәуелді және айнымалы, реттелмейді; қуаты габаритті өлшемдеріне тәуелді.

Осы кемшіліктерден арылу мақсатында келесі мәселелер шешілу керек:

1. Желқозғалтқышты жел өтінде емес жерде жабық жайда орналастыру.  
2. Жел ағымын қажетті мөлшерде қамтитын, жылдамдығын реттейтін және желқозғалтқышқа жеткізетін жүйе құру.

3. Желдөңгелектің жұмысшы бетін оның габаритті өлшемін өсірмей үлкейту.

Желдөңгелектің жұмысшы бетін оның бір уақытты жел өтінің әрекетінде болатын қалақтар санын көбейту арқылы үлкейтуге болады.

Жабық қорапты желқозғалтқыштың қуаты қораптағы желдөңгелекке жел кіргізетін құбырмен келетін желдің қуатына тәуелді болады



$$N_g = C \cdot N_T, \quad (1)$$

мұнда:  $N_g$  – желқозғалтқыштың қуаты, Вт;  $C$  – желқозғалтқыштың жел қуатын пайдалану коэффициенті;  $N_T$  – желдөңгелекке келетін жел легінің қуаты, Вт.

Желқозғалтқыш қорабына жел беретін құбырмен келетін жел легінің қуаты

$$N_T = 0,5 \cdot P \cdot V_p^3 \cdot S_T, \text{ Вт} \quad (2)$$

мұнда:  $P = 1,25 \text{ к}2 / \text{м}^3$  – желдің массалық тығыздығы;  $V_p = 10 \div 15 \text{ м} / \text{с}$  – желдің есептік жылдамдығы;  $S_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ауданы,  $\text{м}^3$

Желдөңгелектің диаметрін оның ұзындығын өсіру арқылы кішірейтуге болады. Ол үшін жел беретін құбырдың көлденең қимасы тік төртбұрыш болу керек:

$$S_T = a_T \cdot \nu_T, \text{ м}^2; \quad \frac{\nu_T}{a_T} = K_T; \quad \nu_T = K_T \cdot a_T; \text{ сонда}$$

$$S_T = K_T \cdot a_T^2; \quad a_T = \sqrt{\frac{S_T}{K_T}}, \quad (3)$$

мұнда:  $a_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ұзындығы, м;  $\nu_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ені, м;  $K_T = 0,4 \div 0,5$  – ендік коэффициенті;  $S_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ауданы,  $\text{м}^2$ .

Желдөңгелектің жел жүретін қуысының қимасының өлшемдері жел беретін құбырдың көлденең қимасының өлшемдеріне тең болады:

$$a_g = a_T - \text{ұзындығы}; \quad \nu_g = \nu_T - \text{тереңдігі.}$$

Сонда желдөңгелектің диаметрлері келесідей болады:

1. Дискілердің диаметрі (сыртқы диаметрі)

$$D_1 = D_2 + 2 \cdot \nu_g; \quad (4)$$

2. Орташа диаметрі

$$D = D_2 + \nu_g, \quad (5)$$

мұнда:  $D_2 = 100 \div 200 \text{ мм}$  – желдөңгелек барабанының диаметрі.

Желқозғалтқыштың жел беретін құбырмен келетін жел легінің қуатын пайдалану коэффициенті ( $C$ ) желдөңгелектегі қалақтар жүйесіне тәуелді болады.

Қалақтар жүйесі желдөңгелектің жел жүретін қуысымен жел беретін құбырмен келген жел легін тоқтатпай жүргізетін болса, онда желқозғалтқыштың желдің қуатын пайдалану коэффициенті  $C > 1$  болады.

Сондықтан қалақтары жел өткізетін және көбі жел легімен әрекетке түсетін желдөңгелекті жабық қорапты желқозғалтқыш құру тиімді желэнергетикалық қондырғы құруға мүмкіндік жасайды.

Қалақтарының көбі жел легімен әрекеттесетін желдөңгелектің жұмысшы беті келесідей болады

$$S_{\wedge} = Z_p \cdot S_{II}, m^2 \quad (6)$$

мұнда:  $S_{II}$  - бір қалақтың жел легіне кедергі жасайтын бетінің ауданы,  $m^2$ ;  $Z_p$  - жел легімен бір уақытта әрекетке түскен қалақтар саны.

Осылай болған жағдайда желдөңгелектің қуатын қалақтың жел түсетін бетінің ауданын үлкейту арқылы емес, ал жұмысшы қалақтар санын көбейту арқылы көтеруге болады.

Тәжірибелік зерттеу өткізу үшін көп радиальды пластина қалақты желдөңгелек жобаланады. Желдөңгелектің құрылысы 1, 2 және 3-суреттерде көрсетілді. Ол екі дискіден 1, барабаннан 2, пластина қалақтардан 3, дискіден 4 және ступицадан 5 тұрады. Радиальды пластина қалақтардың 3 орналасуы 3-суретте көрсетілген. Пластина қалақтардың 3 биіктігі желдөңгелектің жел жүретін қуысының биіктігінің жартысына дейін жетеді. Сонда жел легі желдөңгелек қуысымен тоқтамай жүретін болады және пластиналармен әрекеттеседі деп болжам жасалды. Осындай желдөңгелектің тәжірибелік үлгісі жасалады. Тәжірибелік қондырғы 4-суретте көрсетілді. Желдөңгелектің айналым саны тахометрмен өлшенді.

Ол үшін тахометр өсі желдөңгелек білігінің сыртқа шыққан ұшының түп бетіне тіреп ұсталды.

Барлық өлшеулер бес реттен қайталанды.


Тәжірибелік қондырғыда жүргізілген өлшеулер схемасы 5-суретте көрсетіледі.

1-ші өлшеуде жел қорап ішіне тік бағытта жіберіледі.


2-ші өлшеуде жел қораптың қарсы жағындағы орта тұсынан шығарылды.

3-ші өлшеуде жел қораптың бүйір тұсындағы тесіктен шығарылды.

1-ші өлшеуде жел желдөңгелектің ішінде айналып тік өтті. 2-ші өлшеуді жел желдөңгелек ішін шамамен  $90^\circ$  айналып өтті. 3-ші өлшеуде жел желдөңгелек ішінде шамамен  $180^\circ$  доға жасап айналып өтіп сыртқа шықты.



Сурет 1. Көп қалақты желдөңгелектің басты көрінісі



Сурет 2. Көп қалақты желдөңгелектің төбесінің көрінісі


Қорапқа кірген желдің жылдамдығының өлшенген шамалары 1-кестеде келтірілді.

Кесте 1

Қорапқа кірген жел жылдамдығы

Өлшеу нөмері	1	2	3	4	5	Қорапқа кірген желдің жылдамдығы
Желдің жылдамдығы $V_1$ , м/с	25,3	25,2	25,1	25,1	25,3	25,2

Әртүрлі өлшеу схемаларындағы желдөңгелектің айналым саны ( $n$ ) және қораптан шыққан желдің жылдамдығы ( $V_2$ ) 2-кестеде келтірілді.





Сурет 3. Көп қалақты желдөңгелектің жанынан көрінісі


Кесте 2

Тәжірибелік өлшеулердің нәтижелері

1-ші өлшеу схемасы		2-ші өлшеу схемасы		3-ші өлшеу схемасы	
24,8	78	22,0	102	18,7	106
24,8	78	22,4	103	18,8	105
24,9	77	22,4	102	18,7	103
24,7	78	22,3	102	18,7	106
24,8	78	22,3	102	18,7	106
24,8	78	22,3	102,2	18,7	105,2



Сурет 4. Тәжірибелік қондырғы



Сурет 5. Тәжірибелік қондырғыдағы өлшеу схемалары

Тәжірибелік өлшеулердің нәтижелерін сараптай отырып келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Желдөңгелектен шыққан желдің жылдамдығы ( $V_2$ ) оған кірген жылдамдығынан ( $V_1$ ) кіші болады.

2. Желдің желдөңгелектің жұмысшы қуысының ішіндегі жолы үлкейген сайын желдің желдөңгелектен шығатын жылдамдығының ( $V_2$ ) төмендеу артады.

3. Желдің жылдамдығының желдөңгелектің жұмысшы қуысындағы төмендеуін қарсылық моменті мен үйкелістің әрекетінен деп болжауға болады.

4. Желдөңгелектің айналым саны оның жұмысшы қуысынан өтетін желдің жылдамдығына сәйкес келмейді. Сондықтан радиальды бағытта орналасқан қалақтар желмен бірге жүрмейді деп айтуға болады.

5. Тәжірибелік өлшеулердің нәтижесі көп қалақты желдөңгелектің жұмысшы қуысында қалақтардың сандарының және олардың орналасу схемаларының әсерін зерттеудің қажет екенін айқындады.

6. Радиальды орналасқан көп қалақты желдөңгелек жәй жүрісті болатыны анықталды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шефтер, Я.И. Использование энергии ветра [Текст] / Я.И. Шефтер. – М.: Энергоатомиздат, 1983.
2. Янсон Р.А. Ветроустановки [Текст] / Р.А. Янсон. – М.: МГТУ, 2007. – 36 с.
3. Фатаев, Е.М. Ветродвигатели и ветроустановки [Текст] / Е.М. Фатаев. – М.: ОГИЗ-СЕЛЬХОЗ ГИЗ, 1948.
4. Қойайдаров, Б.А. Тік өсті желқозғалтқышты жобалау [Мәтін] / Б.А. Қойайдаров, Т.М. Жүнісбеков, Ж.А. Султанғали, О.А. Жунисбаев. Механика және технология процесстерін үлгілеу. – 2011. – №1. – Б. 130-135.

Материал редакцияға 27.06.14 түсті.

**В.А. Қойайдаров, Е.М. Қошеров**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulaty, Taraz*

## STUDY MUCHSHOVELS WINDSENGINE

The question creation корпусного ветродвигателя with ветроколесом, provided with by blade system, missing flow winds is considered.

**Keywords:** wind, wind engine, wind wheel, wing, force, system.

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров<sup>1</sup>, Д.М.Сармолдаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ниверситеті, Тараз қаласы

ЖЕЛЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫҒА ЖЕЛ ҰСТАЙТЫН  
КОНФУЗОРЛАР ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Жабық қорапты желқозғалтқышқа жел жеткізу құрылымын құруға жел ұстайтын конфузорлар жүйесін жобалау әдістемесі ұсынылды.

**Түйін сөздер:** жел; конфузор; желқозғалтқыш; тор; қуат; жүйе.

Жел легінің жылдамдығын және қысымын бір қалыпқа келтіруге және жел ағымының жылдамдығын өсіруге қолданылатын, көлденең қимасы ұзындығының бойында бір заңдылықпен кішірейіп өзгертін, құбырды конфузор дейді.

Конфузор аэродинамикалық құбырдың, түрлі аэродинамикалық қондырғылардың және қанатты желқозғалтқыштың алдына қойылады [1, 2].

Конфузордың негізгі параметрлері [3, 4]:

1. Үлкен аузының диаметрі –  $S_1, \text{м}^2$ .
2. Кіші аузының диаметрі –  $S_2, \text{м}^2$ .
3. Үлкен және кіші ауыздарының арақашықтығы (конфузор ұзындығы) –  $l_k, \text{м}$ .
4. Конфузордың сығу дәрежесі –  $n_k = \frac{S_1}{S_2}$ .

5. Конфузордың көлденең қимасының формасы.

6. Үлкен және кіші ауыздарының қосылу қабырғаларының формасы.

Конфузордың сығу дәрежесі келесі аралықта болады  $n_k = 3 \div 10$ .

Конфузордың көлденең қимасының формасы квадрат, тік төртбұрышты, дөңгелек, эллипс және тағы басқа болуы мүмкін.

Конфузордың үлкен және кіші ауыздарын қосатын қабырғалар формасы ұзындығына байланысты түзу немесе қисық сызықты болады [3,4].

Конфузордың негізгі қасиеті желді өзінен қысып өткізеді, жел легінің жылдамдығын және қысымын түзейді, жел легіне қарсылық көрсетеді.

Үлкен және кіші ауыздарының өлшемдері конфузордың көлденең қимасының формасына, қосылатын құбырдың өлшеміне немесе конфузордың қуатына тәуелді анықталады.

Желқозғалтқышқа жел ұстайтын конфузордың ауыздарының өлшемдері оның қуаты мен көлденең қимасының формасы бойынша анықталады.

Желқозғалтқыштың қуаты жел легін беретін құбырмен келетін желдің қуатына пропорциональ болады

$$N_e = N_T \cdot C, \text{Вт} \quad (1)$$

мұнда:  $N_T$  – желқозғалтқышқа кіретін желдің қуаты, Вт;  $C$  – желқозғалтқыштың желдің қуатын пайдалану коэффициенті.

Желқозғалтқышқа жел легін беретін құбырмен келетін желдің қуаты

$$N_T = 0,5 \cdot \rho \cdot V_p^3 \cdot S_T, \text{Вт} \quad (2)$$

мұнда:  $\rho=1,25 \text{ кг/м}^3$  – желдің массалық тығыздығы;  $V_p$  – желдің есептік жылдамдығы, м/с;  $S_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ауданы,  $\text{м}^2$ .

Желқозғалтқыштың номинальды қуаты ( $N_b$ ) желдің есепке алынған есептік жылдамдығымен ( $V_p$ ) алынады.

Қазіргі желэнергетикалық қондырғылардағы желдің есептік жылдамдығы [1, 2].

$$V_p = 10 \div 15 \text{ м/с.}$$

Жел беретін құбырдағы жел легінің қуатын желді ұстап жіберетін конфузорлар қамтамасыз етеді

$$N_T = Z_k \cdot N_k \cdot \eta_T, \text{Вт} \quad (3)$$

мұнда:  $Z_k$  – жел ұстайтын конфузорлар саны;  $N_k$  – конфузордың қуаты, Вт;  $\eta_T$  – жел жеткізу жүйесінің пайдалы әсер коэффициенті.

(1) және (2) теңдеулерден желқозғалтқышқа жел беретін құбырдың көлденең қимасының қажетті ауданы анықталады

$$S_T = \frac{2 \cdot N_e}{\rho \cdot V_p^3 \cdot C}, \text{м}^2. \quad (4)$$

Конфузордың үлкен аузы ұшқан құс және бөгде заттар кірмеу үшін тормен жабылады. Тордың келесідей қасиеттері бар: жел легінің жылдамдығын түзетеді; желді өзінен өткізеді; жел легіне қарсылық көрсетеді.

Тор қақпақтың көздерінен өтіп конфузорға кірген жел легінің қуаты конфузор қуаты болады

$$N_k = 0,5 \cdot \rho \cdot V^3 \cdot S_0, \text{Вт} \quad (5)$$

мұнда:  $V_p$  – конфузорға кірген жел легінің жылдамдығы, м/с;  $S_0$  – тор қақпақ көздерінің жалпы ауданы,  $\text{м}^2$ .

(3) теңдеуден қуат беруге керек конфузорлар санын анықтаймыз

$$Z_k = \frac{N_T}{N_k \cdot \eta_T}. \quad (6)$$

Осы формулаға (2) және (5) теңдеулерді қойып, келесі теңдеуді аламыз

$$Z_k = \frac{V_p^3 \cdot S_T}{V^3 \cdot S_0 \cdot \eta_T}, \text{ дана.} \quad (7)$$

(4) теңдеуді (7) формулаға қойып, желқозғалтқыш қуатын қамтамасыз ететін конфузорлар санын анықтаймыз

$$Z_k = \frac{2 \cdot N_e}{C \cdot p \cdot \eta_T \cdot V^3 \cdot S_0}, \text{ дана.} \quad (8)$$

Жел ұстайтын конфузорлар бірдей болады. Сондықтан (1) және (3) теңдеулерден бір конфузордың қуатын табамыз

$$N_k = \frac{N_e}{C \cdot Z_k \cdot \eta_T}, \text{ Вт.} \quad (9)$$

Конфузордың үлкен аузы жабылатын тор қақпақтың көздерінің жалпы ауданы қандай болу керек екенін (5) теңдеуден анықтаймыз

$$S_0 = \frac{2 \cdot N_k}{p \cdot V^3}, \text{ м}^2. \quad (10)$$

Тор қақпақ квадрат көзді болса құрылысы жеңілдейді. Тор көзі өте үлкен немесе өте кіші болмау керек. Өте үлкен болса ұшқан шымшық кіре алады; ал өте кіші болса жел өткізуі нашарлайды. Осыны ескеріп, тор көзінің қабырғасына келесі өлшемді таңдаймыз

$$a = 50 \text{ мм.}$$

Көздері осындай өлшемдегі тор қақпаққа ұшқан құстың және бөгде заттың кіруі қиын болады.

Желэнергетикалық қондырғы құруға конфузордың үш түрін таңдаймыз: квадрат; тік төртбұрыш; дөңгелек қималы конфузорлар.

Желдің жылдамдығын ( $V$ ) және конфузордың қуатын ( $N_k$ ) ескеріп, оның үлкен және кіші ауыздарының өлшемдерін анықтаймыз.

Көздері квадрат формадағы тор қақпақтың көздерінің жалпы ауданы

$$S_0 = Z \cdot a^2, \text{ м}^2 \quad (11)$$

мұнда:  $Z$ – тор қақпақтағы көздердің саны;  $a$ – квадрат формадағы көздің қабырғасының ұзындығы, м.

(11) теңдеуден тор қақпақтағы көздер санын анықтаймыз

$$Z = \frac{S_0}{a^2}, \text{ дана.} \quad (12)$$

Квадрат қималы конфузордағы тор қақпақтар көздерінің саны:

$$\begin{aligned} Z &= Z_a \cdot Z_\epsilon; & Z_a &= Z_\epsilon; & Z &= Z_a^2 \\ Z_a &= \sqrt{\frac{S_0}{a^2}}, \end{aligned} \quad (13)$$

мұнда:  $Z_a$ – тор қақпақтың ұзындығындағы көздер саны;  $Z_\epsilon$ – тор қақпақтың биіктігіндегі көздер саны.

Тік төртбұрыш қималы конфузордағы тор қақпақ көздерінің саны:

$$\begin{aligned} Z &= Z_a \cdot Z_\epsilon; & \frac{a_1}{\epsilon_1} &= k_1 - \text{болғандықтан} & \frac{Z_a}{Z_\epsilon} &= k_1 - \text{болады;} \\ \text{Сонда } Z_a &= k_1 \cdot Z_\epsilon; & Z &= k_1 \cdot Z_\epsilon^2; & Z_\epsilon &= \sqrt{\frac{S_0}{k_1 \cdot a^2}}, \end{aligned} \quad (14)$$

мұнда:  $a_1, \epsilon_1$  – конфузордың үлкен аузының өлшемдері;  $k_1$ – үлкен ауыздың қабырғаларының қатынасы (конфузор енінің коэффициенті).

Тор қақпақтың сыртқы қабырғаларын конфузордың үлкен аузының қабырғалары құратын болса, онда тор қақпақтың ұзындығындағы және биіктігіндегі сымдар саны келесідей болады:

$$Z_{\Pi a} = Z_a - 1; \quad Z_{\Pi \epsilon} = Z_\epsilon - 1; \quad (15)$$

мұнда:  $Z_{\Pi a}$  – тордың ұзындығындағы сымдар саны;  $Z_{\Pi \epsilon}$  – тордың биіктігіндегі сымдар саны.

Тор қақпақты дөңгелек қималы сымдардан пісіріп жасаған ыңғайлы. Сымның диаметрін конфузордың үлкен аузының ұзын қабырғасына тәуелді таңдаймыз

$$d_n = 0,01 \cdot a_1, \text{ мм} \quad (16)$$

мұнда:  $d_n$  – тор сымның диаметрі;  $a_1$  – конфузордың үлкен аузының қабырғасының үлкен өлшемі.

Төртбұрыш қималы конфузордың үлкен аузының өлшемдері:

$$\begin{aligned} a_1 &= Z_a \cdot a + Z_{na} \cdot d_n; \\ \epsilon_1 &= Z_\epsilon \cdot a + Z_{n\epsilon} \cdot d_n. \end{aligned}$$

(16) теңдеуді формулаға қойып, келесі теңдеулерді аламыз:

$$\begin{aligned} a_1 &= \frac{Z_a \cdot a}{1 - 0,01 \cdot Z_{na}}; \\ \epsilon_1 &= Z_\epsilon \cdot a + Z_{n\epsilon} \cdot (0,01 \cdot a_1), \end{aligned} \quad (17)$$

мұнда:  $a_1$  – конфузордың үлкен аузының ұзындығы, мм;  $\epsilon_1$  – конфузордың үлкен аузының биіктігі, мм.

Конфузордың үлкен аузының ауданы



$$S_1 = a_1 \cdot \epsilon_1, \text{ м}^2. \quad (18)$$

Төртбұрыш қималы конфузордың тор қақпағының сымдарының беттерінің жалпы ауданы (жел легіне кедергі жасайтын беттің ауданы)

$$S_n = Z_{na} \cdot a_1 \cdot d_n + Z_{nb} \cdot \epsilon_1 \cdot d_n;$$

$$S_n = d_n \cdot (Z_{na} \cdot a_1 + Z_{nb} \cdot \epsilon_1), \text{ м}^2. \quad (19)$$

Конфузордың тор қақпақты үлкен аузының жел өткізетін ауданы келесідей болады

$$S_0 = S_1 - S_n \geq \frac{2 \cdot N_k}{p \cdot V^3}, \text{ м}^2. \quad (20)$$


Дөңгелек қималы конфузордың үлкен аузын торлайтын сымның жалпы ұзындығын анықтаймыз. Есептеу схемасы 1-суретте көрсетілді. Суретте көрсетілгендер: 1 – конфузордың үлкен аузының шеңбері; 2 – тік сымдар; 3 – горизонталь сымдар.

$$t = a + d_n, \text{ мм}. \quad (21)$$

Тор қақпақтағы сымдар бөліп жасайтын секциялар саны

$$Z_a = Z_b = \frac{2 \cdot R}{t}, \quad (22)$$

мұнда:  $Z_a, Z_b$  – бүтін сан болу керек.



Сурет 1. Тор сымдарының ұзындығын есептеу схемасы

Конфузордың үлкен аузының шеңберінің XOY өсіндегі теңдеуі

$$(X - R)^2 + (Y - R)^2 = R^2. \quad \dots \quad (23)$$

Осы теңдеуден келесі формуланы аламыз

$$Y = R \pm \sqrt{R^2 - (X - R)^2}. \quad (24)$$

Осы теңдеуден сымдардың орналасу орындарындағы шеңбердің ординаталарын табамыз:

$$\begin{aligned} X_0 &= 0; & Y_0 &= R; \\ X_1 &= t; & Y_{1\max} &= R + \sqrt{R^2 - (t - R)^2}; \\ & & Y_{1\min} &= R - \sqrt{R^2 - (t - R)^2}; \\ \\ X_2 &= 2t; & Y_{2\max} &= R + \sqrt{R^2 - (2t - R)^2}; \\ & & Y_{2\min} &= R - \sqrt{R^2 - (2t - R)^2}; \\ \\ X_i &= it; & Y_{i\max} &= R + \sqrt{R^2 - (it - R)^2}; \\ & & Y_{i\min} &= R - \sqrt{R^2 - (it - R)^2}, \end{aligned} \quad (25)$$

мұнда:  $R$  – шеңбердің радиусы.

Шеңберді бөліктерге бөлетін сымдардың ұзындығын (25) теңдеуінен анықтаймыз:

$$\begin{aligned} l_{n1} &= Y_{1\max} - Y_{1\min}; \\ l_{n2} &= Y_{2\max} - Y_{2\min}; \\ &\dots\dots\dots \\ l_{ni} &= Y_{i\max} - Y_{i\min}; \end{aligned} \quad (26)$$

Конфузордың үлкен аузын торлайтын сымдардың жалпы ұзындығы

$$l_n = 2 \cdot \sum_{i=1}^{Z_{na}} l_{ni}, \quad M \quad (27)$$

мұнда:  $Z_{na}$  – горизонталь өстегі сымдар саны.

Конфузордың үлкен шеңбер аузын бөліктерге бөлетін тік және горизонталь сымдардың саны

$$Z_{na} = Z_{ng} = Z_a - 1. \quad (28)$$

Дөңгелек қималы конфузордың үлкен аузын жабатын тор қақпақтың сымдарының беттерінің жалпы ауданы (тордың желге кедергі жасайтын бетінің ауданы)

$$S_n = d_n \cdot l_n, \text{ м}^2 \quad (29)$$

Конфузордың үлкен аузының ауданы

$$S_1 = S_0 + S_n, \text{ м}^2. \quad (30)$$

Дөңгелек қималы конфузордың үлкен аузының диаметрі

$$D_1 = \sqrt{1,2744 \cdot S_1}, \text{ м}. \quad (31)$$

Дөңгелек қималы конфузордың үлкен аузын жабатын тор қақпақтың конфузор қуатын қамтамасыз ететін көздерінің жалпы санын жуықтап анықтауға болады

$$Z = \frac{S_0}{a^2}. \quad (32)$$

Шеңбердің сымдар бөлетін секциялар саны:

$$Z = Z_a \cdot Z_g; \quad Z_a = Z_g \quad \text{болғандықтан}$$

$$Z_a = \sqrt{Z}. \quad (33)$$

(21) және (22) теңдеулерден конфузордың үлкен аузының диаметрін таңдауға болады

$$Z_a = \frac{D_1}{a + d_n};$$

осыдан

$$D_1 = Z_a \cdot (a + d_n), \text{ мм}. \quad (34)$$

мұнда:  $D_1 = 2 \cdot R$  – конфузордың үлкен аузының диаметрі.

Конфузордың сығу дәрежесін ескеріп кіші аузының ауданын анықтайды

$$S_2 = \frac{S_1}{n_k}, \text{ м}^2 \quad (35)$$

мұнда:  $n_k$  – конфузордың сығу дәрежесі.

Төртбұрыш қималы конфузордың кіші аузының өлшемдері:

$$S_2 = a_2 \cdot \vartheta_2; \quad \frac{a_2}{\vartheta_2} = k_1; \quad a_2 = k_1 \cdot \vartheta_2;$$

$$S_2 = k_1 \cdot \vartheta_2^2; \quad \vartheta_2 = \sqrt{\frac{S_2}{k_1}}. \quad (36)$$

Квадрат қималы конфузорда

$$a_2 = \vartheta_2 = \sqrt{S_2}. \quad (37)$$

Дөңгелек қималы конфузордың кіші аузының диаметрі

$$S_2 = \frac{\pi \cdot D_2^2}{4}; \quad S_2 = 0,785 \cdot D_2^2;$$

$$D_2 = \sqrt{1,274 \cdot S_2}, \quad (38)$$

мұнда:  $D_2$  – конфузордың кіші аузының диаметрі.

Конфузордың ұзындығын оның үлкен және кіші ауыздарын қосатын қабырғаларының көлбеулену бұрышын ескеріп анықтаймыз:

1. Төртбұрыш қималы конфузордың ұзындығы

$$l_k = \frac{a_1 - a_2}{2 \cdot \operatorname{tg} \alpha}; \quad (39)$$

